

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ШЖМ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА ЦИКЛЫ
ПӘНДЕРІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУ**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

**УГЛУБЛЕННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ПРЕДМЕТОВ
ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКОГО ЦИКЛА В УСЛОВИЯХ МКШ**

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 12 наурыздағы № 3 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 12 марта 2018 года).

ШЖМ жағдайында жаратылыстану-математика циклы пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 184 б.

Методические рекомендации по углубленному изучению предметов естественно-математического цикла в условиях МКШ. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 190 с.

Қазақстанның шағын жинақты мектептерінде жаратылыстану-математика циклы пәндерін оқытудың қазіргі жағдайына талдау жасалған. Талдау негізінде ШЖМ жағдайында жаратылыстану-математика циклы пәндерін тереңдетіп оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына, шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарына, оқулық және оқу-әдістемелік кешендердің авторларына арналған.

В методических рекомендациях отражено состояние обучения предметов естественно-математического цикла в малокомплектных школах Казахстана. На основе анализа предлагаются методические рекомендации по углубленному изучению предметов естественно-математического цикла в условиях малокомплектных школ.

Методические рекомендации адресованы работникам образования, учителям малокомплектных школ, институтам повышения квалификации учителей, авторам учебников и учебно-методических комплексов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2018

Кіріспе

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" Қазақстан халқына Жолдауында жастардың жаңа технологиялық қалыпқа дайындалуының маңызды шарты ретінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын білім берудің барлық деңгейлерінде күшейтуді тапсырды[1]. Төртінші өнеркәсіптік революция көптеген ғылым салаларының кіріктірілуін алып келе жатқындықтан, бүгінгі ұрпағымыздың терең білімді болуын және олардың жаңа сынақтарға дайындығын талап етеді.

Сонымен қатар, «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасында жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігі атап өтілген. «Біздің жастарымыз тек білім алып қана қоймай, өздігімен ізденуге бет бұруы қажет. Бүгінгі білім алудағы басты құндылықтар шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тыңнан шешім қабылдау, технологиялар мен инновациялар болып табылады. Ол үшін жаңа әдістер, оқытудың ұтымды түрлері, ізденімпаз мамандар керек» [2].

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту аса маңызды орын алады, себебі бүгінгі таңдағы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен заманауи жетістіктердің сипаты осылармен анықталады, қоғамдағы қарқынды өзгерістер адамнан жаңа интеллектуалдық қасиеттерді талап етеді.

Пәнді тереңдетіп оқыту - оқушылардың пәндік құзыреттілігін кеңейту, оқу пәнінің аясында оларды қосымша (базалық деңгейден тыс) дайындау, сонымен қатар оқу орындарында белгілі бір кәсіптік оқытуды жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Пәнді оқытуға базалық деңгеймен салыстырғанда кем дегенде 2 сағат бөлінген жағдайда, тереңдетілген болып есептеледі.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша шағын жинақты мектеп оқушыларының білімін тереңдету механизмдерінің бірі факультатив сабақтарын, вариативті курстарды, жобалық жұмыстарды, сабақтан тыс жұмыстарды, деңгейлердің сабақтастығын сақтай отырып ұйымдастыру және осы курстарды тереңдетіп оқытудың тиімді формалары мен әдістерін таңдау арқылы жетілдіру болып табылады.

Мұғалімнің міндеті – шағын жинақты мектеп білім алушыларына өздерінің қабілеттерін жүзеге асыруға және оқу үдерісіндегі шығармашылық, танымдық қабілеттерін белсенді дамытуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау. Шағын жинақты мектеп білім алушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін басқару жоғары педагогикалық шеберлікті, кәсібилікті, интеллектуалдық және физикалық күшті, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарын, тәсілдерін таңдаған кезде икемділікті талап етеді. Сондай-ақ, жаратылыстану - математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту үшін тиімді қолдануға болатын шағын жинақты мектеп сабақтарының оң аспектілері де бар, олар: білім алушылардың санының аз болуы, бұл олардың оқу-танымдық қызметін ұтымды басқару үшін нақты негіз бола алады; әрбір оқушының білім алу іс-әрекетінің барысы туралы

оқыту процесінің кез келген сатысында ақпарат алып отыру мүмкіндігі бар. Шағын жинақты мектеп мұғалімі жалпы оқыту процесіндегі жұмыстар мен оның нәтижесін ғана емес, оның барысындағы әрбір жеке оқу іс-әрекеттерін және олардың тиімділігін бағалай алады. Осыдан бағалау мен бақылаудың объективтілігі, сонымен қатар қажетті көмекті уақытында көрсету мүмкіндігі туындайды.

Шағын жинақты мектеп білім алушыларының жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша білімін тереңдету олардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін дамытады, келешектегі өмірлік мақсаттарын қалыптастырады және қазіргі әлемнің өзгермелі жағдайларына табысты бейімделуіне көмектеседі. Білім алушыларда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге тұрақты қызығушылық қалыптасады, бұл олардың алған білімдерін өмір жағдайында қолдануға дайын болуларына ықпал етеді.

Әдістемелік ұсынымдар шағын жинақты мектеп жағдайында жаратылыстану-математика циклы пәндерін тереңдетіп оқытуға арналған материалдарды қамтиды және математика, химия, биология, физика, жаратылыстану пәнінің мұғалімдеріне практикалық көмек болады.

1. Қазақстанның шағын жинақты мектептерінде жаратылыстану-математика циклі пәндерін оқытуды талдау

Бәсекелестік ортаға бейімделу қажеттілігін туындатып отырған ХХІ ғасырдағы әлемдік экономиканың өзгеруі, білім берудің сапалық мәселелерін қиындатты, себебі халықтың «білімділік интеллекті» мемлекеттің маңызды стратегиялық ресурсы болып саналады.

ЭЫДҰ-ның мәліметіне сәйкес, әрбір білім алушыда қарым-қатынас, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуымыз қажет. Жалпы танымалдылықпен қабылданған бұл үрдіс, күтілетін нәтижелердің түсініктілік ауқымын кеңейтеді. Енді олар әдеттегі білім, білік және дағдыларды ғана емес, функционалдық сауаттылықтың компоненттерін де қамтиды.


Функционалдық сауаттылықтың маңызды бөлігі, оның негізгі дағдыларының бірі жаратылыстану ғылымы бағытындағы сауаттылық болып табылады.

Жаратылыстану-математика бағыты (бұдан әрі – ЖМБ) пәндерін шағын жинақты мектеп (бұдан әрі – ШЖМ) жағдайында тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу үшін, осы әдістемелік ұсынымдардың авторлары ҰБТ, БЖСБ, халықаралық салыстырмалы зерттеулердің, сонымен бірге ШЖМ оқушыларының әртүрлі пәндік олимпиадаларға қатысуының қорытындыларына талдау жасады. Бұл материалдар ШЖМ-дегі жаратылыстану-математикалық білім беру жағдайы туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді және соның негізінде шешілуі тиіс келесі мәселелер анықталды.

Қазақстан Республикасында 2017-2018 оқу жылында ҰБДҚ мәліметі бойынша 2944 ШЖМ бар, онда 204 121 бала оқиды. Оның ішінде білім деңгейлері бойынша оқытылатыны: 618 БМ – 91 766, 821 НОМ – 93 568, 1505 ЖОМ – 20 616 бала білім алады.


ҚР ШЖМ білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері бойынша 2016-2017 оқу жылындағы көрсеткіш **63,2 %**, оның ішінде: қазақ тілінде оқытылатын БМ – **62,7 %**, орыс тілінде оқытылатын мектептерде – **68,38 %**, аралас мектептерде – **54 %**; НОМ сапа көрсеткіші – **55,6 %**, қазақ мектептерінде – **54,5 %**, орыс мектептерінде – **56,9 %**, аралас мектептерде – **50,05 %**; жалпы ШЖМ бойынша орташа көрсеткіш – **47,4 %**, оның ішінде қазақ мектептерінде – **43,4 %**, орыс мектептерінде – **58,5 %**, аралас мектепте – **41,35 %** (1-диаграмма).

1-диаграмма. 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша ШЖМ білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері




Өткен жылдардағы нәтижелерге сүйенсек, жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында жаратылыстану-математика пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндермен салыстырғанда әрдайым төмен, бұл ШЖМ білім алушыларына да тән жағдай (2-диаграмма). Білім сапасының ең төмен көрсеткіштері математика (47,2%), физика (50%) және химия (44%) пәндері бойынша байқалады.

2-диаграмма. Республика бойынша жаратылыстану-математикалық бағыт пәндері бойынша ШЖМ білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері




Төмендегі диаграммаларда (3,4,5-диаграммалар) көрсетілген жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша әр облыстың ШЖМ оқушыларының білім сапасы бір деңгейден келесі деңгейге өту кезінде төмендейтінін растайды.


3-диаграмма. Облыстар бойынша бастауыш ШЖМ оқушыларының білім сапасының көрсеткіштері



4-диаграмма. Облыстар бойынша негізгі орта ШЖМ-нің білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері




5-диаграмма. Облыстар бойынша жалпы білім беретін ШЖМ оқушыларының білім сапасының көрсеткіштері



Егер ЖМБ жекелеген пәндер бойынша алып қарайтын болсақ, 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша, республикада орта есеппен бастауыш сыныптарда математика пәнінен білім сапасы 69,7% құрайды, ал негізгі мектепте математикадан бұл көрсеткіштертер 57,2% -ға дейін төмендейді, ал жоғарғы (10-11 сыныптарда) 52%-ға дейін төмендеген. Бастауыш деңгейінен негізгі буынға өту кезінде математика пәнінен ШЖМ білім алушыларының білім сапасының динамикасы -17,7% -ға дейін төмен түскен (-17,7).


1-график. 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша ШЖМ білім алушыларының математика пәнінен білім сапасы



Облыс	БМ	НОМ	ЖОМ
Ақмола	59	50	63
Ақтөбе	71	58	51
Алматы	54	52	51

Атырау	66	59	47
ШҚО	73	65	60
Жамбыл	67	34	62
БҚО	83	64	61
Қарағанды	76	49	51
Қостанай	57	51	47
Қызылорда	70	60	14
Маңғыстау	94	91	58
Павлодар	77	60	59
СҚО	70	55	54
ОҚО	60	53	48
ҚР	69,7	57,2	52

Осыған ұқсас өзгерістерді бастауыш мектептегі интеграцияланған «Жаратылыстану» пәні бойынша білім нәтижелілігін негізгі және орта мектептердегі жаратылыстану-математика бағытындағы пәндердің жылдық қорытындыларымен салыстыру кезінде байқаймыз (2-график).




ОБЛЫС	БМ	НОМ				ЖОМ			
	жаратыл	физика	биол	химия	географ	физика	биол	химия	географ
Ақмола	66	49	68	58	63	66	68	14	58
Ақтөбе	85	58,8	66,8	58,1	67,6	53,3	59,2	52,4	62,9
Алматы	61	52	54	51	53,4	57	58	52,2	56
Атырау	48,9	54,1	72,3	63	71,6	55,1	57,9	51,8	60,1
ШҚО	80	63	69	59,1	71	65	65	60	74
Жамбыл	63	36	38	39	36	64,4	67,1	62,4	68,2
БҚО	74	62,9	69	62,7	73,9	63,5	70,9	62,1	73,4
Қарағанды	79	57	62	52	57	49	58	55	59
Қостанай	68	52	60	60	71	48	54	48	71
Қызылорда	75	62	70	70	63				
Маңғыстау	99	90	85	100	89	52	70	55	77

Павлодар	84	65	80	62	78	67	70	64	75
СҚО	75	54	63	54	63	59	66	59	65
ОҚО	67	58	65	57	60	50	58	50	58
РК	73	58	65,8	60,4	65,5	57,6	63	52,7	65

Нәтижесінде, ШЖМ-де білім сапасының төмендеуінің келесі графигін аламыз (3-график)

3-график. 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша ЖМБ пәндері бойынша ШЖМ білім алушылардың білім сапасы (ҚР бойынша орташа)




2015 жылы 15-жастағы оқушылардың жаратылыстану-математикалық сауаттылығын, қаржылық сауаттылығын және алған білімдерін практикада қолдану қабілетін бағалау үшін өткізілген PISA халықаралық тестілеуіне ҚР 9 облысынан 840 ШЖМ білім алушылары қатысты, орта балы - 223 (республика бойынша - 427).

2015 жылы TIMSS бағалауына Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарының оқушылары қатысқан. TIMSS қатысушыларының ШЖМ бойынша жалпы саны 1484 болса, орташа балы - 344,8 (республика бойынша - 538,75) құрады.

Тұтастай алғанда, ШЖМ-дағы білім сапасы толық мектептермен салыстырғанда төмен, бұл халықаралық және республикалық білімді сыртқы бағалау нәтижелерімен расталады.


6-диаграмма. 2015 жылы ШЖМ білім алушыларының PISA және TIMSS бағалауларына қатысуы



2016 жылғы ҰТО мәліметі бойынша ОЖСБ сынағына 557 мектеп қатысқан, олардың 505-і толық және 52 (9,34%) шағын жинақты мектептер. Тиісінше, ОЖСБ-ға қатысқан білім алушылар саны: 44 384 (4 және 9 сыныптар) және 1110 (олардың 607-і қазақ тілінде және 503-і орыс тілінде оқытатын мектептерден) қатысқан.

2015 жылы ОЖСБ-ға Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының ШЖМ-нен 5 бастауыш мектеп қатысты. ОЖСБ – ға қатысқан бастауыш мектеп білім алушыларының саны - 315 (барлық қатысушылардың 2,16%), орта балл-18,21 (толық мектептердің орташа балы 18,60).

7-диаграмма. ШЖМ және ТЖМ бойынша орташа балл (9-сынып)



Қалалық мектептердің орташа көрсеткіші 20,66 және жалпы ауыл мектептері үшін 16,9 құраған.

Математикадан ОЖСБ-ға қатысқан 14525 білім алушылардың көпшілігі (1534 оқушы немесе 10,56%) 9 балл жинады. Бұл пәннен 17 оқушы балл жинаған жоқ, ең жоғарғы 15 балл көрсеткішін 337 білім алушы ғана көрсетті.

Математика пәні бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқитын білім алушылардың нәтижелерін салыстыру қорытындысы, орыс тілді мектеп оқушыларының қазақ тілді мектепте оқушыларының нәтижесіне қарағандағы орташа балы жоғары болғанын көрсетті (орыс тілді мектеп - 9,71 балл, қазақ тілді мектеп - 8,67 балл).

2016 жылы математика пәнінен ТЖМ нәтижесі республика бойынша ШЖМ нәтижесімен салыстырғанда жоғары болды, ТЖМ-ның жалпы орташа балы 8,95 болса, ШЖМ бойынша 8,65 құрайды.

Математика пәні бойынша 50% -дан аз орташа балл жинаған мектептердің басым бөлігі Қызылорда облысына тиесілі. Бұл облыс бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің жартысы 7,50 баллдан төмен нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысында ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 47,83%-ның көрсеткіші 7,50-ден төмен.

2016 жылы ОЖСБ-ға 9-сынып оқушыларының санынан 29 859 оқушы қатысқан, оның ішінде 795 ШЖМ білім алушылары (384-і қазақ тілінде және 411-і орыс тілінде білім алады). ТЖМ білім алушыларының саны – 29 064 оқушы (қазақ тілінде - 21481, орыс тілінде - 7583 білім алушы). ТЖМ және ШЖМ 9-сынып оқушыларының орташа балл айырмашылығы 1,28 болды. ШЖМ-ның орташа баллы - 53,38, ТЖМ-тің орташа баллы - 52,24 құраған. 9 сынып оқушылары үшін ОЖСБ салыстырмалы нәтижесі көрсеткендей, республика бойынша ШЖМ үшін мүмкін болған 75 баллдан 32,00 балл, ТЖМ орташа баллы 33,28 балл. ШЖМ және ТЖМ нәтижелерінің арасындағы айырмашылық елеусіз, яғни 1,14 балл болды.


Екінші пән бойынша қоғамтану пәндерінің көрсеткіштері жаратылыстану-математика пәндерінің көрсеткіштерінен жоғары. Дегенмен, 2016 жылғы тест тапсырмаларын орындаудың пайыздық үлесін 2015 жылдың көрсеткіштерімен салыстыру қорытындысы, барлық нәтижелердің айтарлықтай төмендегенін көрсетті (1-кесте).

Пәндер	2015 жыл	2016 жыл
Биология	47,6%	46,00%
Алгебра	44,8%	37,18%
Химия	44,00%	41,93%
География	48,65%	41,38%

Алгебра, география сияқты пәндерден нәтижелердің айырмашылығы ҚГБ пәндермен салыстырғанда 7% -дан 20% -ға дейін айырмашылық беретінін айта кету керек. Химия, биология пәндері бойынша пайыздық айырмашылық өте үлкен емес, 1,35-2,07%.

Физика пәні бойынша тестілеу 2013 және 2015 жылдары өткізілді. Осы жылдарда бұл пәннің де нәтижелері төмен болды.

4-график. Физикадан тестілеу нәтижелері
(пән бойынша көрсетілген балл жинаған оқушылар саны)



Талдау қорытындысы бойынша білім алушылардың көпшілігі (физика пәнінен тест тапсырған 242 оқушы немесе 6,28%) 10 балл жинаған. Үш оқушы 0 балл жинаған, бұл физика пәні бойынша сынаққа қатысқан білім алушылардың жалпы санының 0,08 % -ын құрайды. Бірде-бір білім алушы жоғарғы 52-55 балл жинаған жоқ.

Қазақ және орыс тілдерінде оқитын мектептер бойынша физика пәнінен тест нәтижелерін салыстырғанда, орыс тілінде оқытатын мектеп білім алушыларының нәтижелері қазақ тілінде оқытатын мектептермен салыстырғанда жоғары болған (орыс тілінде оқытатын мектеп - 18,81 , қазақ тілінде оқытатын мектеп - 16,10).

Республика бойынша физика пәнінен ШЖМ нәтижесі ТЖМ нәтижесінен жоғары. ШЖМ-ның физика бойынша орташа баллы 17,86 балл, ТЖМ көрсеткіші – 16,78 құрайды. Дегенмен, физика пәні бойынша ШЖМ нәтижелері ТЖМ-нен жоғары болғанымен, екі мектептің де нәтижелері салыстырмалы түрде төмен болып саналады.

Физика пәні бойынша қыздардың орташа баллы ұлдардың орташа нәтижесінен жоғары. Республика бойынша қыздардың нәтижесі 17,57 балл, ұлдардың нәтижесі - 16,10 балл болды. Алматы қаласындағы 9-сынып оқушыларының көрсеткіші жоғары (32,05 балл), ең төмен нәтиже - Ақтөбе (13,01 балл), Атырау (11,00 балл) облыстары көрсетті.

Физика пәні бойынша жақсы нәтиже Алматы қаласы көрсетті (орташа балл 31,23 немесе 56,78%), өткен жылмен салыстырғанда 3,13% -ға артты.

Тақырып бойынша талдау нәтижелері функционалдық сауаттылықты бағалау бойынша тапсырмалардың білім алушыларға қиындық туғызатынын көрсетті. Мысалы, «Механика» тақырыбы қазақ тілінде оқытатын мектеп білім алушылары үшін қиын болды, яғни, осы тақырып бойынша тест тапсырғандардың 71,54% тест тапсырмаларына жауап бермеді. «Геометриялық оптика» тақырыбында тестілеуден өткен орыс тілінде оқитын білім


алушылардың 73,39% -ы осы тақырып бойынша тапсырмаларға жауап бере алмады.

Білім алушылардың сауалнамалары бойынша алынған мәліметтерге сәйкес, мектептер тестілеуге дайындалған. Алайда, мониторинг нәтижесі бойынша, бұл пән өз дәрежесінде игерілмейді деп болжам жасауға болады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі жыл сайынғы пәндік олимпиадалардағы ШЖМ білім алушыларының қатысуы мен жетістіктері білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Үш жыл ішінде (2015-2017 жж.) республика бойынша 644 ШЖМ білім алушылары ЖМБ пәндерінен облыстық пәндік олимпиадаларға қатысты, оның ішінде 207 білім алушы нәтиже көрсетті, бұл олимпиадаға қатысқан ШЖМ білім алушыларының 32 % -ын немесе жалпы ШЖМ оқушылары санының 7% -ын құрайды.

5-график. ШЖМ білім алушыларының облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға қатысу көрсеткішінің өзгеру динамикасы



- 2014-2015 оқу жылында 205 ШЖМ білім алушылары ЖМБ пәндері бойынша облыстық олимпиадаларға қатысып, 77-і (38 %) жеңімпаз атанды;
- 2015-2016 оқу жылында ШЖМ-ның 203 білім алушылары облыстық олимпиадаларға қатысып, 74-сі (36 %) жеңімпаз атанды;
- 2016-2017 оқу жылында 236 ШЖМ білім алушылары ЖМБ пәні бойынша облыстық олимпиадаларға қатысып, 56-сы (оның ішінде 23,7%) жеңімпаз атанды.

2016-2017 оқу жылында облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға ШЖМ қатысушыларының саны 2014-2015 оқу жылына қарағанда 18 адамға аз болды, бұл білім алушылардың ЖМБ пәндерге қызығушылығының төмендегенін көрсетеді. Сондықтан технологиялық прогресс дәуіріндегі қоғамдағы қажеттіліктерге байланысты білім алушылардың нақты ғылымдарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал жасау үшін, оқу процесіне ынтасын арттырып, өз бетінше оқып білім алуға үйрету үшін қосымша жұмыс қажет.

Соңғы 3 жылда республикалық деңгейдегі ЖМБ пәндік олимпиадаларына қатысқан 76 ШЖМ білім алушысы жеңімпаз болған, бұл республика бойынша ШЖМ контингентінің 2,6 % құрайды. Пәндік олимпиадаларға 8 облыстың білім алушылары қатысқан. Осы жылдар аралығында республикалық деңгейде ШЖМ

оқушыларының пәндік олимпиадаларға қатысушылар саны Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тіркелді. Ақмола, Алматы, Атырау, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының ШЖМ білім алушылары қатысқан жоқ.

2017 жылы халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға бір ШЖМ оқушысы ғана қатысқан, соңғы жылдарда ШЖМ білім алушылары арасында халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары жоқ.

Бұл мәліметтер ШЖМ білім алушыларының ЖМБ пәндері бойынша дайындығының нашар екендігін көрсетеді. Бұдан бөлек, маман жетіспеушілігі білім алушылармен жұмыс нәтижелілігінің төмендеуіне әсер еткен себептердің бірі болуы мүмкін.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептердің оқушылары, соның ішінде ШЖМ білім алушылары, жыл сайын мектеп бағдарламасының аясындағы әр түрлі интеллектуалды олимпиадаларға, интеллектуалдық марафондарға, ұлттық және халықаралық деңгейлердегі «Ақбота», «Золотое руно», «Русский медвежонок», «Кенгуру-математика барлығы үшін», «British Bulldog» және басқа да интеллектуалдық байқауларға қатысады.

Көптеген интеллектуалды олимпиадалар сырттай, дайын басып шығарылған тест немесе компьютерлік тестілеу түрінде өткізіледі. Демек, нәтиже әрдайым объективті бола бермейді, өйткені тапсырманы орындаған кезде оқушылар мұғалімнің көмегін пайдалану мүмкіндігі болады. Кейбір жағдайда қашықтықтан тест тапсырмалары берілгенде, балалар компьютердің алдында мұғалімдерімен, достарымен, сыныптастарымен т.с.с. отырып орындауы мүмкін. Сондықтан, ЖМБ пәндері бойынша білім сапасының шынайы көрінісін аймақтық және облыстық деңгейлердегі бірнеше кезеңнен тұратын жыл сайынғы республикалық пәндік олимпиада бере алады.

Ауылдық жерлердегі ШЖМ түлектерінің ҰБТ-ға қатысуы, олардың алған білімдерінің нәтижесі ретінде әрі қарай білім алу және жетілу бағыттарын анықтайды. 2015 – 2017 жылдарда ҰБТ-ға 24 327 ШЖМ білім алушылары қатысты, оның 14 201-і қазақ тілінде, ал 10 126 орыс тілінде оқытатын мектеп түлектері. Жалпы айтқанда, ҰБТ-ға қатысатын білім алушылар, инженерлік-техникалық мамандықтарға гранттар көп бөлінеді деген дәйекпен, көбінесе ЖМБ пәндерін таңдайды. 2016-2017 жылдары ҰБТ тапсырған ШЖМ түлектерінің саны 8 475 , оның ішінде 6250 (74%) грантқа ие болды: 34%-республикадағы жоғары оқу орындарына, 34% -арнайы орта кәсіптік білім беру ұйымдарына, 5%-халықаралық грантпен оқуға қабылданды.


ЖОО мен колледждерге грантпен қабылданған түлектердің саны, 2015 жылмен салыстырғанда, орташа есеппен, сәйкесінше 7% және 3% -ға артты. Халықаралық грант иегерлерінің үлесі 5-6% деңгейінде қалып отыр.

Балаларға нәтижелі білім беру табыстылығының негізгі факторларының бірі - білім беру ұйымының педагогикалық ұжымының сапасы. ҰБДҚ мәліметі бойынша, ШЖМ-да 51 844 мұғалім (16% қосалқы жұмыс жасайтын мұғалімдердің есебінсіз) жұмыс істейді. Қазіргі уақытта ШЖМ-дегі кадр

тапшылығы қосалқы жұмыс жасайтын мұғалімдердің есебінен толығып отыр және соның есебінен 53 578 мұғалімді құрайды. Республика бойынша ШЖМ мұғалімдерінің орташа жасы - 39,6, оның ішінде жас мамандар - 3 971 адам (ШЖМ мұғалімдер санының 7,5% -ы). Жоғары санатты мұғалім саны - 6 295, бірінші санатты - 17 549, екінші санатты - 14 925, санаты жоқ мұғалімдер саны - 14 809.

Кадрларға деген сұраныс 2015 жылмен салыстырғанда 1226 мұғалімге артты, яғни 3 есе өсіп отыр. Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша жетіспейтін мұғалімдер саны 574 адам және ол маман тапшылығының жалпы санынан 46,8%-ын құрайды. ШЖМ-да қоғамдық гуманитарлық бағыттағы пәндерден мұғалімдердің қажеттілігі 123 мұғалімге аз және 451 бірлікті құрайды.

8-диаграмма. 2017-2018 оқу жылындағы пәндер бойынша мұғалімдердің қажеттілігі туралы мәлімет



ШЖМ мұғалімдерінің арасында жоғары санатты мұғалімдердің үлесі орта есеппен 11,7% құрайды. Республиканың 6 облысында (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, БҚО, Қызылорда, Маңғыстау) жоғарғы біліктілік санаты бар мұғалімдердің үлесі 10% -дан аз.

Қазіргі білім беру оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. ҰТО сауалнамасына сәйкес, оқушылардың оқудағы жетістіктеріне мұғалімдердің біліктілігі айтарлықтай әсер ететіндігі туралы пікірмен педагогтар келіседі. Сауалнаманың нәтижелері 2-кестеде келтірілген.


№	Пәндер	9 сынып			
		жоғары	бірінші	Екінші	санаты жоқ
1	Математика	249	308	198	126
2	Физика	215	235	154	139
3	Химия	229	217	139	128

Академия қызметкерлері пилоттық мектептердің 3-сыныптарындағы апробация және республиканың жалпы орта білім беру мектептерінің 2, 5 және 7-ші сыныптарында МЖМБС енгізілуіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында 2, 5 және 7-сыныптарда сабақтарға қатысып, мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен және ата-аналармен фокус топтарында сұхбат жүргізген болатын.


ЖМБ пәндер бойынша 5,7 сыныптардағы сабақтарға қатысу нәтижесі мұғалімдердің дәстүрлі білім беру тәсіліне көбірек басымдылық беретінін көрсетті. Мұғалімдерде тәжірибенің жетіспеушілігі мен сенімсіздік байқалатынын атап кеткен жөн. Мұғалімдер өздерінің сабақтарында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдаланады, бірақ тәжірибенің аздығына байланысты олар көп жағдайда тиімсіз болуда. 5-ші және 7-ші сынып мұғалімдерінің сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін қолдану тиімділігінің көрсеткіштері төмендегідей болды (9-диаграмма).

Диаграмма 9. Белсенді оқыту әдістерін қолдану (жоғары шекті 3 балл шкаласында)



Топтық жұмысты ұйымдастыру деңгейі төмен, сабақты ұйымдастырудың әртүрлі формалары тиімді пайдаланылмайды. Білім алушылардың жеке қабілеттері әрдайым ескерілмейді, білім алушылардың жақын даму аймағын ескеру арқылы, сараланған тапсырмалар таңдалмайтынын атап өткен жөн. Негізгі орта деңгейдегі 5-ші және 7-ші сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерге әдістемелік қолдау және практикалық көмек қажет. Мұғалімдердің сенімсіздігі және сабақтарда жаңа тәсілдерді жүйесіз қолдану, білім алушылардың оқуға деген ынтасына теріс әсер етеді. Мұғалімдер сабақты 40 минутта аяқтап үлгере алмайды, яғни уақытты ұтымды жоспарлап, және оны тиімді пайдалану қажет (10-диаграмма).


Диаграмма 10. Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеру көрсеткіші



Білім алушылар мұғалімнен кері байланысты көбіне сабақтың екінші жартысында, берілген жауапқа немесе орындалған тапсырмаға түсініктеме беру түрінде алады. Оқушылар қалыптастырушы бағалау принциптерін түсінеді. Мұғалімдер сабақ барысында көп уақытты қажет етпейтін қалыптастырушы бағалау формаларын қолдануға тырысады және осылайша сабақта балалардың білім жетістіктерінің нәтижелеріне жеткілікті көңіл бөлмейді. Сабақ барысында мұғалімдер сигналдық карталарды, ауызша бағалау, балалардың жауаптарын жалпылау, тексеруге арналған жаттығулар, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау түрлерін пайдаланды.

Балалардың критериалды бағалау формасына көзқарастары әртүрлі, сабақта олардың осы әдіске әлі де қалыптаспағаны байқалады. Балаларға дағдыланған тәсілдерді қолданған қолайлы. Мысалы, олар сабақ барысында өзін-өзі бағалау және өзара бағалауды жақсы жүргізеді. Ата-аналармен жүргізілген сұхбат барысында белгілі болғандай, кейбір мұғалімдер жиынтық бағалауды өткізу ережесінің бұзылуына жол берген, тапсырмалардың тақырыпқа сәйкес келмеуі балалардың алаңдаушылығын туғызып, тарау қорытындысы мен тоқсандық жиынтық бағалау көрсеткіштерінің төмендеуіне әсер еткендігі белгілі болды.

11-диаграмма. Кері байланыс және қалыптастырушы бағалау




Оқу процесінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары ашылмайды. Мұғалімдер математика, физика, жаратылыстану сабақтарында «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын ашатын қандай да бір ресурстар мен қосымша материалдарды пайдаланбады. Сабақта оқу мақсаттары мен тәрбие аспектілерінің арасындағы байланыстың жүзеге асырылуы жеткіліксіз (12-диаграмма).

12-диаграмма. Құндылықты жүзеге асыру



Мониторингтік зерттеу көрсеткендей, пилоттық мектептердегі 3 сынып мұғалімдерінің жаңа бағдарламаға кәсіби төселу деңгейі, 5,7-сыныптардың мұғалімдерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екенін және олардың тәжірибесі мен дайындығының барын көрсетеді.

13-Диаграмма. 2,3,5,7 сынып мұғалімдерінің ЖМБ пәндерінен сабақтарын ұйымдастыру және өткізу деңгейіне салыстырмалы талдау



ЖМБ пәндерінен 5 және 7 сынып білім алушыларын бақылау кезінде сабақ барысында аса жоғары белсенділік көрсетпегені байқалды, дегенмен топтық және жұптық жұмыстарда ынтымақтастықта бір-біріне көмектесті, тиісті деңгейде сыныптастарымен қарым-қатынас орната білді.


Сұхбат барысындағы балалар мен ата-аналардың айтуына қарағанда, ЖМБ пәндерден үй тапсырмасын орындауға 1 сағаттан 2 сағатқа дейін уақыт қажет.

ШЖМ ағымдағы жағдайын талдау көрсеткендей, негізгі мектепте жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасы күрт төмендейді және ШЖМ жоғарғы сыныптарында балалардың білім сапасы бұл пәндерден өте төмен. Қазіргі кезеңде ШЖМ-де оқу процесінің сапасына ерекше назар аудару өте маңызды, себебі білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты мектептегі білім беру тәсілдері өзгерді.

ШЖМ оқушыларының жыл сайынғы республикалық және халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалардағы және жобалық жұмыстардағы төмен нәтижелері (5-6%), балалардың білімдерін тереңдетуге бағытталған жұмыстарды жүргізіп, жеке және саралап оқытуды ұйымдастыру үшін, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтауға мұқият қарау қажеттілігін тағы да бір көрсетті, ал ШЖМ сыныптарының толымдылығы аз болуы кемшілік емес, керісінше артықшылық болып табылады.

ЖМБ пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасын талдау қорытындысы көрсеткендей, бастауыш білім беру деңгейінен негізгі буынға өткен кезде білім деңгейлерінің арасындағы сабақтастық үзіледі, оны бастауыш және негізгі буын мұғалімдерінің алғашқы бір тоқсандағы өзара ынтымақтастығы арқасында оңай түзетуге болар еді, дегенмен көп жағдайда бұл ескерілмейтіні байқалады. Өзара сабаққа қатысу, әдіс бірлестігінің біріккен отырыстарында жұмыс бағыттарын талдау, негізгі мектептегі тереңдетіп оқытуға байланысты жұмыстарды дұрыс ұйымдастырудағы маңызды педагогикалық алғышарттарының бірі болып табылады.

Тереңдетіп оқытылатын ЖМБ пәнінің бағыты мен мазмұнын анықтау үшін, білім алушылардың нақты пән бойынша қажеттіліктерін зерделеу мақсатында алдын ала диагностика жүргізу қажет, соның негізінде оқытудың жұмыс бағдарламасы дайындалады.



Жүргізілген талдау, ШЖМ оқушыларының ЖМБ пәндерді тереңдетіп оқуын тиімді ұйымдастырудың келесі педагогикалық шарттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1) бастауышта жинаған білімін пәнді тереңдетіп оқуды жалғастыруға пайдалану. Бұл педагогикалық шарт білім беру жүйесіндегі үздіксіздікті қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келеді (жоспарлау кезінде ескеру қажет, кей жағдайда мұғалімдердің факультатив сабақтарының жоспарлары қайтадан негізгі түсініктерден басталады).

2) белгілі бір білім саласындағы оқушының бейімділігі мен қабілеттерін уақыт өткізбей анықтау, білім алушының қызығушылығын, тұлға ретіндегі даму ерекшеліктерін және оның педагог жұмысының талаптарына, ерекшеліктеріне сәйкестігін ескере отырып, тиісті технологиялық даму картасын жасауға мүмкіндік береді. Бұл шарт алдымен, жұмыс нәтижесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогтардың жеке тұлғаға бағытталған сапалы жұмыс жоспарын құруына кедергі келтіретін себептерді жою қажеттілігімен түсіндіріледі.

3) білім алушылардың бойында тиісті құндылықтарды дамыту, тұлғаның гуманистік құндылықтар бағытындағы дамуы (аксеологизация), оның әлемге, өз іс-әрекетіне, адам ретінде өзіне көзқарасын анықтау. Оқушылар міндет қою, мәселені шешу жолын іздеу және шешім қабылдау, оны іске асыру жолында

үнемі болып жатқан оқиғаларды дүниетанымы тұрғысынан бағалау жағдайында болады.

4) білім алушыларды тереңдетіп оқытуда жеке «білім беру траекториясын» іске асыру. Мұндағы жеке білім алу траекториясы – бұл әрбір оқушының өз білімін тереңдетудегі жеке қабілеттерін шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруының дара жолы. Жеке білім алу траекториясының негізгі элементтерін атап кетуге болады: іс-әрекетінің мән-мағынасы, жеке мақсат қою, іс-әрекетінің және оны жүзеге асыруының жоспары, нәтижеге жетуі, рефлексия, бағалау, түзету және мақсаттарын қайта қарау.

Талдау нәтижелері бойынша ШЖМ жағдайында ЖМБ пәндерін тереңдетіп оқытудың негізгі бағыттарын анықтауға болады:

- оқушылардың өзіндік жұмысының негізінде бастауыш және негізгі мектептерде жаратылыстану пәнінің оқу бағдарламаларының мазмұнын күшейту;

- нақты өмір жағдайларына негізделген оқу тапсырмаларын әзірлеу, сондай-ақ нақты практикалық жағдайларды модельдейтін есептердің санын арттыру;

- ШЖМ білім алушыларына білім алу траекториясын кеңейтуге мүмкіндік беретін, көптүрлі білім беру бағдарламаларымен қамтамсыз ету;


- білім алушылардың әртүрлі категорияларына, олардың қабілеттеріне, жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес толыққанды білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге ықпал жасау;

- білім беру бағытындағы әлеуметтік жобаларды әзірлеу арқылы, ШЖМ оқушыларын әлеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту;

- ШЖМ жоғары сынып оқушыларын қорытынды емтихандарға және ҰБТ-ға дайындау;

- бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту.

1-сызба. ЖМБ пәндерден білім деңгейлерінің сабақтастығын сақтау арқылы ШЖМ оқушыларының білім сапасын көтеру механизмі



Байқағанымыздай, ШЖМ жағдайында ЖМБ пәндерді тереңдетіп оқыту – бұл қиын, әрі көп деңгейлі және күрделі жоспармен іске асатын процесс, мұндағы оң нәтиже тек қана білім алушы мен мұғалімнің өзара үйлесімді даму бағытын үнемі жетілдіріп отыру арқылы ғана орындалады. Сонымен бірге серіктестік кеңістігін тірек мектептері арқылы, басқа білім беру ұйымдарымен қашықтықтан байланыс орнату арқылы, білім алушылардың жобалық жұмыстарына ғылыми жетекшінің көмегін алу мақсатында ЖОО және колледждермен ынтымақтастық орнату арқылы кеңейту ұсынылады.

2. ШЖМ жағдайында жаратылыстану-математика циклы пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

2.1 ШЖМ бастауыш сыныптарында жаратылыстану-математика циклы пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Білім берудің бастауыш деңгейі мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларын қалыптастырады, оларды орта және жоғарғы буындағы пәндерді жүйелі оқуға дайындайды.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сыныптарда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерден математика және екі жаңа пән - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және жаратылыстану пәндері оқытылады.

Мұғалім балалардың білімі, дағдылары, іс-әрекеттерінің жан-жақты және көпфункционалды болуы туралы идеяға енуі керек.

Жаңартылған оқу бағдарламалары балалардың оқу пәні арқылы әлемді тұтас зерттеуін көздейді. Мысалы, математика пәнін ғана емес, математиканың көмегімен қоршаған әлеммен танысу.

- Оқу жоспары келесі мақсаттарды шешуге бағытталған:
- логикалық ойлау, кеңістікті ойша бағдарлау, математикалық терминдерді қолдану және математиканы әлемді түсіну және модельдеу, кескіндеу құралы ретінде қабылдау қабілеттерін дамыту;
- оқу-тәжірибелік міндеттерді шешуге қабілеттілігін дамыту, математикалық зерттеулер жүргізу;
- басқа пәндерді оқуда және күнделікті өмірде математикалық білім мен дағдыларын пайдалана отырып, сыни ойлауын дамыту;
- ақпаратты іздеу және өңдеу дағдыларын дамыту, өз уақытын басқару және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйрету.

«АКТ» пәні балаларға басқа да білім салаларымен интеграцияда басқа пәндерді оқуға арналған ресурстарды және техникалық құралдарды ұсына отырып, жаңа мүмкіндіктерді береді. «АКТ» пәнін оқып-үйренудің мақсаты оқушыларға қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге қажетті негізгі білімді беру, алғашқы дағдыларын қалыптастыру мен оқуда және күнделікті өмірде алған білімдерін тиімді пайдалануын қамтамасыз ету болып табылады.

Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің оқу жоспары негізгі мектепте «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін оқып үйренудің негізін қалауға және алған білімдерін күнделікті өмірде байқалатын құбылыстар мен процестерді түсіндіруге, сипаттауға үйретуге бағытталған (үйде, мектепте, табиғат әлемінде).

Математика, АКТ, жаратылыстану пәндерінен 3-4 сыныптарға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларын талдау негізінде, білім алушыларға елеусіз үстемемен білімдерін тереңдетуге болатын негізгі тақырыпты (бөлімдерді)

бөліп алуға болады, бұл осы пәндерді тереңдетіп оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Тереңдетіп оқытуға болатын тақырыптар мен бөлімдердің бағыттарын сыныптар бойынша қарастырайық.

Математика 3-4 сынып

Бағдарлама материалының мазмұны	Тереңдетілген оқу мазмұны
<p>«Сандар мен шамалар» 1000-ға дейінгі сандардың құрылуы; тура және кері есептеу; натурал сандар қатарындағы орны; оқу, жазу, салыстыру; сандардың разрядтық құрамы; разрядтық қосылғыштардың жиыны; бір мың;</p> <p>үлестер: оқу, жазу, салыстыру; сандармен орындалатын амалдар; бөлшектер; бөлшектерді салыстыру;</p> <p>Көбейтудің ауыстырымдылық, терімділік, үлестірімділік қасиеттері; қосынды мен көбейтіндіні санға бөлу; қосындыны санға көбейту;</p> <p>Шамалар және олардың өлшем бірліктері; палетка; өлшеу, салыстыру, шамаларды түрлендіру; сағат түрлері: уақытты анықтау; банкноттар мен олармен жасалатын операциялар.</p>	<p>Сандар - ол санау нәтижесі және шамаларды өлшеу нәтижесі. 0-ден 1 000 000 000 000-ға дейінгі сандардың құрылуы, оқылуы, жазылуы. Разрядтар және класс. Көпмәнді сандардың разрядтық қосылғыштар түрінде берілуі . Ондық сандар мен ондық бөлшектер арасындағы байланыс.</p> <p>Өлшем және бөлшектер. Практикалық өлшемдер үшін натурал сандардың жеткіліксіздігі. Нақты түсінікті кеңейту көзі ретінде практикалық өлшемдерді жүргізу қажеттілігі. Ортақ бөлімді бөлшектер мен алымдары бірдей бөлшектерді салыстыру.</p> <p>Негізгі амалды орындау қасиеттері бойынша есептеудің рационал әдістері (қосындыдағы қосылғыштардың орнын ауыстыру және топтау, көбейтіндідегі көбейткіштердің және т.б.). Жылдам есептеу тәсілдері. Заңдылықтарды іздеу. Шамалардың арасындағы тәуелділіктерді бақылау, бақылау нәтижелерін сөзбен, кестелермен, формулалармен, графиктердің көмегімен беру.</p>
<p>«Алгебра элементтері»</p> <p>Теңдік және теңсіздік; теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу</p>	<p>Теңсіздікті шешу және теріс бүтін сандардан тұратын шешімдер жиынын табу. Теңсіздіктің шешімдер жиыны. Қатаң және қатаң емес теңсіздік. Белгілері \geq, \leq. Қос теңсіздік</p>

<p>«Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және оларды жіктеу; шеңбер, шеңбердің центрі, радиусы, диаметрі; симметриялы және симметриялы емес фигуралар; тіктөртбұрыштың, квадраттың, тікбұрышты үшбұрыштың ауданы; біріктірілген фигуралардың периметрі; берілген мәндермен фигура салу, геометриялық фигураларды тұрғызу; параллель және қиылысатын түзулер; шеңберді салу; кеңістіктегі фигураны салу; кеңістіктегі фигуралардың орналасуы; нүктелердің координаталары және қозғалыс бағыты; нүктелердің жазықтықтағы кескінде орналасуы.</p>	<p>Бұрыштарды тікелей салыстыру. Бұрыштарды өлшеу. Бұрыштардың өлшем бірлігі: бұрыштық градус. Транспортир.</p> <p>Геометриялық шамалардың өлшем нәтижелерін талдау негізінде геометриялық фигуралардың қасиеттерін зерттеу.</p> <p>Тіктөртбұрыш қабырғаларының қасиеті. Үшбұрыштың, төртбұрыштың бұрыштарының қасиеті. Іргелес бұрыштардың қасиеті және т.б.</p>
<p>«Жиын. Логика элементтері: жиындар және олар бойынша операциялар; ішкі жиын; біріктіру және жиындардың қиылысуы; жүйелер; логикалық есептер; кестелер мен графиктер; заңдылық; жүйе құру; объектілердің комбинациясы.</p>	<p>Жиынды элементтері мен қасиеттерін тізбектеу арқылы беру.</p> <p>Өртүрлі типтегі логикалық есептерді шешу (комбинаторлық, алгоритмдік, сәйкес есептер, ауыстырып құю және өлшеу, сөйлеу логикасына берілген және т.б.).</p>
<p>«Математикалық модельдеу»: есептер және математикалық модель; есепті модельдеу; есепті талдау және шешу.</p>	<p>Математикалық тілдің таңбаларымен танысу, оларды математикалық ойды жеткізу үшін қолдану. Ақиқат және жалған тұжырымды анықтау.</p> <p>Логикалық байланыстармен «... және / немесе ...», «егер ..., содан ...», «шын / жалған, ...», «әрбір», , «онда», «жоқ» қарапайым тұжырым құрап айту.</p> <p>Мәтіндік есептерді орындаудың жаңа амалдары мен шешу жолдарын құрастыру. Логикалық сипаттағы есептерді шешу әдістерімен танысу.</p>

АКТ 3-4 сынып

Бағдарлама материалының мазмұны	Тереңдетілген оқу мазмұны
Компьютер:	Компьютердің қосымша құрылғылары.

Компьютердің құрылысы: кіру және шығу құрылғылары; бағдарламалық қамтамасыз ету: компьютерлік бағдарламалардың қызметі (сілтеме, суреттерді көру бағдарламасы); бағдарлама мәзірі; файлдар және папкалармен жұмыс істеу; файлдар, папкалармен жұмыс істеу; қауіпсіздік ережесі.	Стандартты бағдарламалар. Олардың қызметі. Мәтіндік, графикалық құжаттарға арналған бағдарламалар. Файл және папкаларды қолайлы сақтау. Тақырып бойынша құжаттарды жүйелеу.
Ақпаратты ұсыну және өңдеу: мәтіндер: мәтінді пішімдеу; графика: графикалық редакторды тағайындау; презентациялар: презентациялар жасау бойынша бағдарламаны тағайындау; мультимедиа;	Мәтіндік құжатта иллюстрациялармен жұмыс жасау: құжатты алдын-ала басып шығаруға дайындау; графика: графикалық редакторлар - редактордың мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы түпнұсқа өнімдерді жасау; презентациялар: көрсетуге дайындық, бағдарламалық мүмкіндіктердің кең ауқымын қолдану; мультимедиа: жобалар жасауға және көрсетуге барынша практикада қолдану.
Интернет желісінде жұмыс: ақпарат іздеу: веб-парақшаны қарау бағдарламасының қызметі; іздеу жүйелері; түйінді сөздер бойынша ақпарат іздеу; ақпаратпен алмасу: ақпарат алмасу тәсілдері; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: интернет желісіндегі жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Ақпарат алмасу: электронды пошта; хабарлама қабылдау және жіберу. Құпия сөздер, сенімді құпия сөз критерийлері.	Өзекті ақпарат туралы түсінік. Ақпараттың шынайылығы. Ақпаратты қауіпсіз жолмен іздеу ережелері. Ақпаратты сақтау ережелері. Пошта және хабарламалармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. Электронды құрылғыларды сәйкестендіру (синхрондау). Электронды құрылғыларды қауіпсіз пайдалану

Жаратылыстану 3-4 сынып

Бағдарлама материалының мазмұны	Тереңдетілген оқу мазмұны
«Мен – зерттеушімін». Ғылыми жаңалықтар және олардың күнделікті өмірге әсері. Өзінің ой қорытуына негізделген зерттеудің өзекті бағыттары. «Тірі табиғат». Фотосинтез процесі туралы алғашқы түсінік. Табиғи қауымдастық - жанды және жансыз табиғаттың бірлігі.	Өнертапқыштарды не ынталандырады? Зерттеудің өзекті бағыттарын қалай таңдауға болады? Зерттеу әдістерінің түрлері. Өз өңіріндегі табиғи қауымдастық. Адам іс-әрекеті және оның қоршаған табиғатқа әсері. Біздің өңірдің экологиялық проблемалары. Адамның құрылысы қандай?

<p>Адамның ішкі ағзасы.</p> <p>«Заттар және олардың қасиеттері». Заттар мен денелер. Заттарды шығу тегі бойынша жіктеу. Табиғи және жасанды заттар. Заттарды агрегаттық күйлері бойынша жіктеу (қатты, сұйық және газ тәріздес). Суды тазарту жолдары. Сүзгілермен тазалау. Топырақ. Топырақтың құрамы (құм, саз, өсімдік және жануарлардың қалдықтары, су, ауа). Топырақ түрлері. Топырақтың қасиеттері.</p> <p>«Жер және ғарыш». Ғарыш кеңістігін зерттеудегі елеулі оқиғалар. Адамзаттың дамуындағы ғарыш саласының зерттелуінің маңыздылығы. Қазақстанның ғарыш кеңістігін зерттеудегі жұмыстары. Байқоңыр ғарыш айлағы. Ғарыштық денелер. Ғарыштың Жердегі тіршілікке әсері. Жердің орбитамен қозғалысы.</p> <p>«Табиғат физикасы». Серпімділік күші. Ауырлық күші. Табиғаттағы ауырлық күші. Үйкеліс күші. Табиғаттағы үйкеліс күші. Дыбыстар. Электр энергиясы. Архимед күші. Жарықтың қасиеттері.</p>	<p>Заттардың қасиеттері: мектептегі және үйдегі ғылыми эксперименттер.</p> <p>Ғарышты зерттеушілер - көне заманнан бүгінгі күнге дейін.</p> <p>Басқа планеталарда өмір бар ма? Ғарышқа саяхат – мифтер және шындық.</p> <p>Физикалық құбылыстар - мектептегі және үйдегі ғылыми эксперименттер.</p>
---	---

ШЖМ жағдайында бастауыш сынып оқушылары үшін аптасына 1 сағат көлемінде факультатив сабақтарын (немесе үйірмелер) ұсынуға болады.

Мысалы, «Қызықты математика», «Кішкентайларға арналған ғылымға кіріспе» курстары және т.б.

«Қызықты математика» - интеграцияланған курс. Ол білім алушылардың кеңістіктік, логикалық және стохастикалық ойлауларын дамытуға бағытталған. Оған алгоритмдік іс-әрекеттің негіздері енгізілген (АКТ-мен байланыс).

Ұсынылған курс балалардың белсенді когнитивтік қызметке қызығушылығын қалыптастырады; болашақта математиканы табысты меңгеру үшін қажетті тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерін дамытады (іздігіру әрекеттерінің мақсаттылығы және бағыттылығы сәйкес болуы, оң нәтижеге қол жеткізу, тапқырлық пен табандылық, дербестік); баланың шығармашылық

қабілеттерін дамытады, кеңістіктік қиял және математикалық түйсігі, геометриялық бейнелерді құру, шығармашылық дизайн мен әртүрлі жағдайларда жұмыс істеу; математика курсы жүйелі түрде зерттеуге қатысты пропедевтикалық болып табылады.

«Кішкентайларға арналған ғылымға кіріспе» курсы қоршаған әлемді білуге бағытталған және «Табиғатты зерттеу әдістері», «Астрономия әлемі», «Физика әлемі», «Химия әлемі», «Биология әлемі», «География әлемі» бөлімдерін қамтиды. Курс фактологиялық материалдарды қамтиды, оқушылардың шынайы жанды және жансыз табиғат туралы, ондағы кездесетін құбылыстар туралы білімдерін тереңдетеді және кеңейтеді. Оқушылардың танымдық белсенділігіне, олардың өз бетінше оқуға деген ынтасына ерекше назар аударылады.

Шағын жинақты мектеп жағдайында жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру мәселелерінің шеңберін белгілей отырып, тірек мектептері мен қашықтан оқыту арқылы іске асырудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін есте ұстау керек.

Бұл топтағы білім алушыларды оқытудың негізгі мәселелерінің бірі пәндер бойынша тереңдетілген курстардың сапалы бағдарламаларының тапшылығы, сондай-ақ курстарды әзірлеуге мүдделі білікті мамандардың жетіспеушілігі болып отыр.

2.2. Негізгі орта ШЖМ жағдайында ЖМБ пәндерді тереңдетіп оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері

ШЖМ жағдайында негізгі және жоғарғы сыныптарда ЖМБ пәндерін тереңдетіп оқыту мақсаттарының толық жинақты мектептердің алдына қоятын мақсаттарынан түбегейлі өзгешелігі жоқ, алайда ескеретін айрықша маңызды ерекшеліктері бар.

Бұл ерекшеліктердің бастауында тұрған жағдай, негізгі мектептің оқу стандарты пәндерді тереңдетіп оқытуды қарастырмайды, ШЖМ мұндай мүмкіндікті пайдалана алмайды. Демек, диагностика негізінде ШЖМ сыныбымен тұтастай немесе білім алушының жеке траекториясының жұмыс бағыты анықталады және ЖМБ пәндерін тереңдетіп оқытудың жоспары жасалады.

Ерекшеліктердің негізгі бастауын білу, оны жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді:

- бірінші ерекшелігі орта мектептің бағдарламасында көзделген құбылыстар, ұғымдар, заңдар мен теорияларды неғұрлым терең және толық зерттеу қажеттілігі болып табылады. Бұл, бірінші кезекте, білім алушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру қажеттілігімен байланысты. Мысалы, мұғалімдер әр түрлі құбылыстарды оқыту кезінде фактілерді келтірумен шектеледі, бірақ мұндай оқыту пәндерді тереңдете оқытатын сыныптар үшін жарамсыз;

- екіншіден, білімді қатаң логикалық сабақтастықта беру қажеттілігі талап етіледі. Оқушыларға материалды баяндаудың неғұрлым қатаң логикасы оқытылатын құбылыстардың логикасына терең енуге және оңтайлы жолмен жоғары деңгейдегі білімге келуге мүмкіндік береді, осылайша, ішінара оқу материалын еселеу болмайды;

- үшінші ерекшелік бойынша, мұғалім өз пәнін терең білуге ғана емес, сонымен қатар оны заманауи деңгейде білуге, жаңаша басылымдардан хабардар болуға, көп оқуға және көп ізденуге тиісті. Өйткені, қазіргі балалар бір немесе бірнеше пәнге қызығушылық білдіре отырып, көп оқиды, ғылыми-танымал, кей кезде тіпті ғылыми журналдардан оқып ізденеді және көп нәрсені түсіне алмай, мұғалімге көптеген сұрақтармен жүгінеді. Бұл сұрақтарға мұғалімнің дайындығы болуы тиіс, түптеп келгенде бұл оның жұмысының оң бағалануының шарты болып табылады;

- төртінші ерекшелігі, жақын іргелес пәндерден алған білімдерін барынша кеңінен пайдаланудың орындылығы және мүмкіндігі болып табылады. Осылайша, математика пәнінен алған білімдерін физика, химия сабақтарында қолдана алады және т.б.

Кей кезде бейіндік пәндердің жұмыс жоспарына жоғарғы мектептің материалдары еніп кететін жағдайлар кездесетінін атап өту маңызды. Бұл тенденция әсіресе арнайы мамандандырылған математикалық және физика-математикалық мектептерде физика және математика пәндерін оқытуда ерекше

көрінеді. Пәндік және пәннің аясынан тыс білім беру шегі пәнді оқыту мақсаты мен міндеттеріне байланысты анықталады.


Мұғалімдерге пәндерді тереңдетіп оқыту бағдарламасын өте аз көлемде кеңейтіп отыру ұсынылады. Мысалы, жаңа материалды енгізу бүкіл курсты мазмұндау логикасын айтарлықтай жақсартатын болса. Деңгейі жоғарылатылған курстың жалпы мектеп курсынан басты айырмашылығы, берілген білімді меңгеру тереңдігінде және практикалық іс-әрекетке қолдана алуында жатуы тиіс.

Сыныптарда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту табысты болу үшін материалдық база, оқулықтардың маңызы зор. Бүгінгі күні ШЖМ жағдайында интернет-ресурстарды қосымша пайдалануға болады, соның ішінде виртуалды зертханалар, альтернативті оқулықтар, ғылыми-танымал кітаптардың сериялары.

Типтік оқу жоспарының вариативті бөлімінің сағат саны пәндерді тереңдетіп оқытуды ерте кезеңнен, білім алудың негізгі деңгейіне ауысу кезеңінде (12-13 жас), білім алушылар өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін әрекет түрін іздеуде белсенділік танытатын уақыттан бастап пайдалану мүмкіндігін қарастырады.

Білім алушы бір ғана оқу пәніне бейімділік танытып қана қоймай, бірнеше жақын пәндерге қызығушылық білдіруі мүмкін. Бұл әсіресе бейіналды оқыту жағдайында кездеседі. Ал жоғарғы сыныптарда, кәсіби бағдар беру табалдырығында тұрғанда, мамандықтарға қызығушылық таныта бастайды. Бұл ШЖМ-де саралап оқыту (дифференциация) мәселесінде белгілі бір сақтық танытуға міндеттейді. Қамту аясы тар көлемде саралап оқытуға ұмтылудың қажеті жоқ, одан гөрі жақын пәндерді топтау бойынша кең ауқымда қамтыған жөн. Жұмыс бағытын базалық, мектеп және оқушы компоненттерін қамтитын, төмендегі цикл негізінде құруға болады:

- 1) тереңдетіліп оқытылатын оқу пәні;
- 2) қолданбалы курс, ол бойынша бір жағынан пәнді тереңдетіп оқыту жалғасады, ал екінші жағынан, аталған курс базасында практикалық даярлау жүзеге асырылады;
- 3) негізгі пәнді оқуда маңызды болып табылатын қосымша пән (негізгіге жақын).



Білім алушыларды ЖМБ және ҚГБ бойынша сыныптарға бөлу мүмкіндігі жоқ немесе параллельдердің болмауына байланысты пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптарға бөле алмайтын ШЖМ жағдайында, көрсетілген пәндер топтамасы іштей үйлесімді болуы тиіс. Бұл жағдайда, білім беру стандартына сәйкес, екі бағыт бойынша (ЖМБ және ҚГБ) 10-11 сыныптарда бөліп оқыту мүмкіндігін қарастыру керек. ШЖМ жағдайында 10-11 сыныптарда бөліп оқытуды ұйымдастыру үшін, Қарағанды облысының оқу-әдістемелік орталығы мен «Ростовка» тірек мектебінің (ресурстық орталығының) бірлескен жұмыс тәжірибесін ұсынуға болады [21] (Қосымшаны қараңыз). 10-11 сыныптар үшін тірек мектебінде бейіндік оқытуды ұйымдастыру үшін 2012 жылғы білім беру стандартының негізінде бірыңғай оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары, қолданбалы және таңдау курстарының бағдарламалары жасалды. Сонымен бірге сессия кезеңдері үш сессиядан төрт сессияға өзгертілді [22].

ШЖМ оқушылары тірек мектебінің (РО) базасында өз қалаулары бойынша екі бағытта топтастырылды. Қолданбалы пәндерді оқыту практикалық сипатқа ие және мектеп компонентіне берілген сағаттардың есебінен жүргізіледі. Мысалы, физиканы тереңдетіп оқытатын сыныптарда математиканы да тереңдетіп оқытқан жөн, ал физика мен математиканы тереңдетіп оқыту базасында қолданбалы пән ретінде келесі пәндердің біреуін оқытқан жөн: робототехника, «кұрастыру және модельдеу», «3D модельдеу» және т.б..

Бұл жағдайда, қолданбалы пән алдағы уақытта жоғарғы сыныпта оқытылатын бейіндік пәнге бағытталған болуы тиіс.

Білімді одан әрі кеңейту және тереңдету үшін жобалық жұмысты ұйымдастыруды немесе өзіндік жұмысты қолдануға болады. Жобалық жұмыс элективті курстар шеңберінде үлкен маңызға ие болады. Бұл ШЖМ жағдайында білім алушының және мұғалімнің арнайы даярлығын талап ететін, саралап оқытудың жоғарғы формасы болып табылады. Аталған жағдайда мұғалім жетекші және кеңесші ретінде орын алады, ал білім алушы (кей жағдайда екі немесе үш білім алушы) жобаны өзі жеке дайындайды және орындайды. Жобаның тақырыбын білім алушы және мұғалім анықтайды.

Элективті курстар – білім алушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын белгілі бір ғылым саласын тереңірек зерттеуді қамтамасыз етеді. Ғылымның бұл бағыты заңдарының әртүрлі салада қолданылуымен танысу аясы кеңейе түседі.

Элективті курстар қолданбалы, сонымен қатар базалық фундаментальді мазмұнға ие бола алады.

Алайда элективті курстардың бағдарламаларын құрған кезде келесі кемшіліктер кездеседі:

- ШЖМ мұғалімдерінің факультативтік курстар мен элективті курстардың арасындағы айырмашылықты білмеуі немесе жете түсінбеушілігі орын алады;
- пәндік оқу бағдарламаларының негізгі, міндетті мазмұнын қайталау бар;
- бағдарламалардың ғылымилық деңгейі төмен;
- дәстүрлі сабақтар, оқытудың академиялық түрлері басым;

- курстың мазмұнын меңгеру барысында оқушылардың өзіндік жұмысы жеткіліксіз қолданылады;

- мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді.

Факультативтік курстар – оқылатын пәнінің негізгі курсымен тығыз байланысты, оқушылардың теориялық және тәжірибелік дайындығын біріктіреді, сабақта алынған білімдерін тереңдетеді, әртүрлі мүдделердің дамуына жәрдемдеседі және болашақ мамандықты таңдауға бағыттайды.

Қолданбалы курстар – заңдарды және табиғат құбылыстарын (ЖМБ бойынша) практикада қолданудың маңызды жолдарымен, әдістерімен танысу және қазіргі заманғы өндірістің заманауи, ғылыми және қолданбалы технологияларына қызығушылығын арттыру.

Пәнаралық курстар – жоғарғы буындағы бейіндік оқыту жүйесіндегі элективті курстарға ұқсас сипат пен бағдарға ие.

Аталған курстардың әрқайсының өзіндік артықшылықтары бар.

Элективті және қолданбалы курстар оқушыларды ғылымның қазіргі даму деңгейіне барынша жақындатады, оларды ғылыми-техникалық прогресстің негізгі бағыттарымен, зерттеу жүргізу әдістерімен таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырады.

ЖМБ таңдау бойынша курс бағдарламаларын құрудың келесі ықтимал тәсілдері ұсынылады:

1-кесте .ЖМБ таңдауы бойынша тереңдетілген курстарға арналған бағдарламаларды құру тәсілдері.



1. Іргелі (фундаментальді) – қарапайым нысандардан күрделі жағдайларға өту, іргелі заңдар мен теориялардан нақты үлгілерге көшу (мысалы, іргелі генетика заңдары - биотехнология – гендік инженерия).

2. Әдіснамалық – ғылыми-танымдық әдіске негізделген, оның ерекшеліктері тарихи және ғылыми материалдарда көрсетіледі. Курстың негізгі мақсаты – ғылыми білім әдісімен танысу, белгілі бір ғылыми зерттеу дағдыларын меңгеру.

3. Жан-жақты, ғылым үшін маңызы бар бірқатар салмақты тұжырымдар бойынша мазмұнды топтастырумен ерекшеленеді (мысалы, синергетикалық көзқарас, жаһандық эволюция т.б)

4. Прагматикалық – оқушылардың негізгі мәдени деңгейін қамтамасыз ететін және кейінгі өмірде кеңінен қолданылатын белгілі білім мен дағдыларды игеруі.

5. Құндылық - кәсіпті табысты меңгеру үшін қажетті іс-әрекет әдістерімен танысу.

Курстың міндеттері:

- ШЖМ оқушыларының білімін арттыру үшін база құру;
- пәннен білімдерін тереңдетуге практикаға бағытталған тәсілді таңдау;
- оқушылардың ынтасын сақтау арқылы, олардың өзін-өзі анықтауына, болашағын айқындауға ықпал ету.

Курс бағдарламаларының мазмұны, жоғарыда ұсынылғандай базалық курс тақырыбын тереңдету немесе кеңейту арқылы қалыптастырылуы мүмкін. Курстағы оқу формалары академиялық немесе инновациялық педагогикалық технологияларға негізделген болуы мүмкін.

Оқушылардың дербестігі мен бастамашылдығын дамытатын коммуникативтік әдістер, топтық, жобалық – зерттеу жұмыстары, жеке оқу бағдарламаларын және басқа да оқыту әдістерін дамыту перспективті болып табылады.

ШЖМ-нің жоғарғы сыныптарында таңдауға арналған курстар желілік өзара іс-қимыл арқылы базалық жалпы білім беру мектептерінің базасында ұйымдастырылуы мүмкін (олардың пайдаланушылары магниттік ШЖМ оқушылары болады). Сондай-ақ жаһандық ақпараттық желінің ресурстары негізінде ұйымдастырылған шартты түрде желілік болуы мүмкін.

Тереңдетілген курстың жұмыс бағдарламасының құрылымы оқу материалдарының ішкі байланысын анықтайды. Құрылымын таңдау кезінде оқу мақсаттарын, оқыту деңгейіне қойылатын талаптарды, алатын білімдерінің мазмұны мен сипатын, сондай-ақ ШЖМ-нің ерекшеліктерін ескереді. Курстың мақсаттарына қарай анықталған курстың тиісті мазмұны белгілі бір түрде (модульдер, блоктар және т.б) топтастырылған.

Төменде ең көп таралған мазмұн құрылымдары берілген:

-сызықтық: онда оқу материалының жекелеген бөліктері тығыз байланысты тізбектелген сабақтастық жүйесінен тұрады. Әдетте, тек бір рет оқылады.

-концентрациялық: алынған білімге қайта оралуды қамтиды. Бір сұрақ бірнеше рет қайталанатын, оның мазмұны біртіндеп кеңейіп, жаңа ақпаратпен, байланыстармен және тәуелділіктермен толықтырылады. Білім берудің

алғашқы сатыларындағы танымдық қабілеттері қарапайымнан өсіп отырғандықтан, тереңдетіліп, кеңейе береді.

- шиыршықты: бастапқы проблеманы жоғалтпастан, біртіндеп сонымен байланысты білімнің шеңберін кеңейтеді және тереңдетеді.

- аралас: сызықтық, концентрациялық және шиыршықты құрылымдардың комбинациясы.

Бұл құрылымдық формалар білім берудің жаңартылған мазмұнының педагогикалық тәсілдеріне сәйкес келеді, олардың үйлесімділігі ЖМБ базалық пәндері сабақтарының элективті курстармен және факультатив сабақтарымен үндестігін береді.

Мысалға, тақырыпты жан-жақты тереңдете зерттеу курсының мазмұнын таныстыруға сызықтық құрылымды таңдаған кезде, ШЖМ оқушылары үшін бірінші кезекте бүкіл курсқа кіріспе теориялық шолу жасау қажет. Мұндағы мақсат, ШЖМ оқушысының пәнді тереңдетіп оқығандағы түпкі мақсатына көз жеткізу болып табылады.

Курсты әрі қарай жалғастыру үшін, замануи, бірақ сонымен қатар қолжетімді оқу материалын таңдау қажет.

Мысал ретінде, физика курсының теориялық шолуын ұсынамыз.

Физикадан тереңдетілген факультатив курстарының қазіргі заманға лайықтылығы негізінен іргелі физикалық принциптер мен заңдарға сүйенетіндігімен, физиканың мектеп курсындағы дәстүрлі сұрақтарын заманауи тұрғыдан талдайтынымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, факультативтік курстар барлық негізгі физикалық теорияларды толығымен қамтиды:



Факультатив курсының оқу материалының мазмұнын таңдау кезінде білімнің интеграциясына (астрономия, химия, биология) ерекше назар аудару ұсынылады. Пәндердің бір-бірімен нашар байланысы әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруда елеулі қиындықтарға алып келеді. Пәндердің бірікпеуі, оқушылардың дүниетанымының фрагментарлы болуының бір себебі болып табылады.

Интегративтік тәсіл көп жағдайда аралас құрылымға негізделген және сызықтық, концентрациялық және шиыршықты құрылымдардың комбинацияларын қамтиды, соның нәтижесінде әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді, әртүрлі пәндерде қарастырылатын кез келген мәселелерді, жағдайларды, құбылыстарды кешенді түрде көруге мүмкіндік береді. Әлемді қабылдаудың тұтастығын толықтырады, эстетикалық және адамгершілік тәрбиені жетілдіреді. Интеграция білім беру процесін жандандырады, материалды оқуда қайталанудың болмауының алдын алады, оқу уақытын үнемдейді, шаршауды жеңілдетеді, ой қызметін болашаққа бағдарлайды және оқу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, ол оқушылардың білімінің ғылыми деңгейін көтеруге, логикалық ойлауын дамытуға және олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

Физика

Оқыған және алған білімге қайта оралуды көздейтін білім мазмұнын шоғырландыру (концентрическая) құрылымын ШЖМ жағдайында ЖМБ пәндерін тереңдетіп оқыту үшін тиімді қолдануға болады.

Мысал ретінде физика пәні сабағында жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырайық.

Ұсынылып отырған жұмыс тәжірибесінде, физика курсының мектеп бағдарламасын тереңдетіп оқытудың кешенді жұмыс жүйесі құрылады. Ол келесі кезеңдерден тұрады және оқушы мен мұғалімнің алдағы бірлескен жүйелі жұмысының түйінді тетіктері болып табылады:

1) мұғалімнің ұсынған тақырыптарының ішінен әрбір оқушы өзіне зерттеу тақырыбын таңдайды/өзі ұсынған тақырыпты алады;

2) алгоритм бойынша, оқушылар мұғаліммен бірге немесе жеке (қажеттілігіне қарай) алған тақырыбын зерттеу жоспарын жасайды, бұл жұмыс ШЖМ контингентінің аздығына байланысты қиындық тудырмайды;

3) мұғалім білім алушылардың жұмысын бақылайды, сыныптағы оқушылардың зерттеу жұмыстарының барысын қадағалай отырып, бағыт-бағдар мен кеңестер беріп отырады;

4) мұғалім оқушыларды алдағы жақын аралықтағы бағдарламаға сәйкес өтілетін оқу материалының тақырыптарымен таныстырады (тоқсан бойынша жасалған орта мерзімді оқу жоспарын алуға болады);

5) мұғалім сабақтың қысқа мерзімді жоспарына, өтілген тақырыпқа оқушының тақырыбы тұрғысынан қайта оралуды енгізеді, оны сабақта оқушының өзі баяндайды, білім мазмұны кеңейе түседі, жаңа ақпараттармен



толығады, байланысы ашылады. Оқытудың алғашқы сатысында қарапайым түсініктер беріледі, олар алдағы уақыттағы оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен білімдерінің толығуына қарай тереңдейді және кеңейе береді;

б) оқу жылының соңында мұғалім нәтиже шығарады: тереңдетілген оқу материалының меңгерілу деңгейі зерделенеді және оқушылардың зерттеу жұмыстарындағы жетістіктері анықталады, нәтижесі бойынша алдағы уақыттағы оқушылардың білімін тереңдету және жобалық жұмыстарын жалғастыру жоспары нақтыланады, ұсыныстар беріледі.

Зерттеу тақырыптарын білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен бірге тұрғылықты жеріндегі және мектептегі зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктеріне қарап, ұсыну қажет. Осылайша, оқыту процесін білім алушылардың зерттеу жұмыстарымен сәтті ұштастыруға болады, мұның барысында балалар өте көп қосымша әдебиеттерді оқиды, желілік ресурстардан ақпарат алады және басқа.

Енді «Радиоактивтілік» тақырыбына сабақ жоспарының үлгісін ұсынамыз, мұнда мұғалімнің сабақта өтілген материалға оқушының тақырыбы тұрғысынан қайта оралу идеясы көрініс тапқан.

Сынып: 9	Күні:	Сабақ
Сабақтың тақырыбы	Радиоактивтілік	
Оқу мақсаттары	9.6.2.1 радиоактивті сәулелердің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру 9.6.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималды сипатын түсіндіру 9.6.2.7 радиоактивті изотоптарды қолдануға мысалдар келтіру 9.6.2.8 радиациядан қорғану тәсілдерін сипаттау	
Оқыту нәтижесі	Білім мазмұны кеңейе түседі, жаңа ақпараттармен толығады, басқа параметрлермен байланысы және оларға тәуелділігі анықталады, радиоактивтілік туралы түсініктері мен білімдері тереңдейді.	
Түйінді идеясы	сабақта өтілген материалға оқушының тақырыбы тұрғысынан қайта оралу идеясы	
Дереккөздер	Оқулық материалдары, оқушылардың зерттеу тақырыптарының материалдары	
Материал және құрал-жабдықтар	ПК, мультимедиа-проектор, презентация Видеоматериалдар Үлестірме материалдар Электрондық оқу құралы	
Сабақ барысы		
Сабақты өткізу кезеңдері	Уақыты (40 минут)	Сабақтың барысындағы жұмыс түрі
Ұйымдастыру кезеңі	2 минут	1. Подготовленность класса, общие организационные вопросы. 2. Ознакомление с целями обучения
Білімді белсендіру	3 минут	Работа с электронным пособием

Мотивациялық кезең	3 минут	<ol style="list-style-type: none"> 1. Проблемалық жағдаят туғызу 2. Тақырыпқа қатысты «Білгім келеді» сұрақтарын өз-өзіне қойып, әрбір оқушы сұрақтар қалыптастырады және жазып қояды
Оқушы білімін кеңейту және тереңдету	22 минут	<p>Интерактивті ақпарат алмасу (оқушылардың жобалық жұмыстарынан) және талқылау. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұхтар және Ержан - «Табиғи радиациялық фонның өзгеруін зерттеу». 2. Айгерім – «Топырақтың радиоактивтілігін зерттеу». 3. Мейірхан – «Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері». 4. Ақмарал – «Ауыз су сапасын жақсартудың физикалық тәсілдері». 5. Раушан – «Баспана қасиеттерін физикалық тұрғыдан зерттеу». 6. Мақсат – «Жергілікті жердегі өсімдік жапырақтарының оптикалық жүйесін зерттеу». 7. Айна - «Іштен жану двигателдерін жетілдіру жолдары». 8. Айдана – «Әлем тариының масштабтық торындағы физиканың даму кезеңдеріне шолу жасау».
Рефлексия	5 минут	<p>Мен білетін <i>бір</i> нәрсе,</p> <p>Мен білгім келген <i>екі</i> сұрақ,</p> <p>Мен бүгін жауабын тапқан <i>үш</i> сұрақ</p> 
Сабақты қорытындылау	2 минут	Бағалау
Үй тапсырмасы	1 минут	

Мұғалім бағыт-бағдар беруші ретінде, сабақтың қорытындысын келесі кезеңдерге бастайтын түйінді нүкте деп қарай отырып, жаңа білім жинауға және оны тереңдетуге жол ашатын бағыттауыш етіп алады.

Есте ұстайтын жайт, білім алушының ой қызметі үздіксіз процесс: жеткен деңгей келесі білім сатысына жол ашады, бұл оны өзгертудің және тереңдетудің қажеттілігіне алып келеді, бұған ШЖМ мұғалімі ЖМБ пәндерін тереңдетіп оқыту барысында дайын болуы керек. Білім алушының ой қызметінің жұмысы неғұрлым жақсы қалыптасса, соғұрлым алатын білімінің мазмұны терең, әрі маңызды болады. Сонымен, ШЖМ жағдайында білім мазмұны мен оқыту

процесі оқушылардың ақыл-ой дамуының үздіксіз жетілуін қамтамасыз етуі үшін, келесі ойлау қызметінің тәсілдерін үздіксіз қолдану ұсынылады:



1. Ынталандыру тәсілін қолдану.

Мысалы, бірқалыпты қозғалыс кезіндегі координатаның жылдамдыққа тәуелділігінің графигін салу. Бұл үшін, алдын ала жасалған алгоритм бойынша бірнеше сатыда ой қызметін іске асыру керек. Алгоритм мұғаліммен бірге жасалады немесе оқушының өзі жасайды(мұғалім түзетеді).

Бірқалыпты қозғалыс кезіндегі координатаның жылдамдыққа тәуелділігінің графигін салу алгоритмі		
1	Написать формулу (уравнение) зависимости	$x=x_0+ v_x t$
2	Тәуелділіктің қандай функциямен сипатталатынын анықтау	$y=b+k x$, сызықтық
3	Сәйкес параметрлерді табу (нұсқамамен көрсету)	$x=x_0+ v_x t$ $y=b+k x$
4	Қолданып отырған математикалық функцияның графигін еске түсіру	Абцисса осіне қарай ығысқан, түзу сызықты
5	Физикалық шамалардың тәуелділік графигін салу	
6	Үлгі бойынша келесі графиктерді салу: а) $x_0>0, V_x<0$	


b) $x_0=0, V_x>0$	
-------------------	--

Уақыт өте дағды қалыптасады, іс-әрекет саналы, логикалық дәйекті сатыға өтеді, алгоритм арқылы оқушылардың іс-әрекетін ынталандыруды тоқтатып, басқа формаға ауыстыруға болады. Бұл схемалар физика сабағында оның математикамен байланысын назарда ұстауға, негіздемесін терең түсінуге мүмкіндік береді.

2. Сәйкестендіру.

Тәсіл алған білімдерін жаңадан алатын білім мазмұнымен байланыстыруға негізделген. Тәсіл, жаңа ақпаратты бұрынғы білімінің жүйесіне логикалық тұрғыдан сәйкестендіру арқылы енгізуге мүмкіндік береді, құбылыстар мен заңдылықтардың байланысын көрсетеді. Оны іске асыру келесі сұрақтар арқылы жүзеге асырылады «неліктен?», «қандай негізде?», «бар білімнің негізінде қалай дәлелдеуге болады?». Сұрақтарға жауап беру арқылы, оқушы дәйекті түрде нақты заңдылықтар мен анықтамаларға сүйене отырып, өз ойын жеткізе алатын болады. Материалды түсінуі терең, есте сақтауы берік, дәлелді болады.

Мысалы, ШЖМ оқушылары өзіндік жұмыс кезінде «Сұйықтар мен газдардың өзара айналымы» тақырыбына келесі тірек сызбаларын құрған болсын:



Бұдан әрі, осы сызбаларды күрделендіре отырып, ауаның ылғалдылығы, қаныққан және қанықпаған бу және т.б. тақырыптарды тереңірек талдауға болады.

Болжау.

Өмірде адам әртүрлі іс-әрекет барысында жағдайды болжауға дағдыланған. Оқиғаны зерделей отырып, болатын жағдайды болжауға тырысады. Ой қызметінің осы амалын ЖМБ пәндерде, соның ішінде физика сабақтарында қолдануға болады. Бұл үшін демонстрациялық сабақ немесе эксперименттік жұмыс алдында «Не болады, егер...? Неліктен?», «Қандай өзгері болады, егер ...? Неліктен?» т.с.с. Мысалы, «Тізбекті ток көзіне қосқанда өткізгішке параллель орналасқан магнит стрелкасының орналасуында қандай өзгеріс болады?». Оқушыларға өздерінің болжамдарын түсіндіруге мүмкіндік беріледі. Психологтардың айтуы бойынша бұл минуттар өте құнды, себебі болған жағдайды талдағаннан, алдын ала болжаудың нәтижесін күткен бала үшін неғұрлым қызықты.

Мысал ретінде, Қарағанды облысының Ростовка тірек мектебіндегі, өз қолдарымен жасаған өндірістік лаборатория кешенінің базасында осындай сан түрлі эксперименттік жұмысқа ШЖМ балаларын ынталандыру нәтижесін айтуға болады.

3. Нақтылау.

Оның негізі жалпы түсінікті: заңдар мен жалпы ережелер иллюстрацияланады, мысалмен түсіндіріледі. Дегенмен, білім мазмұнының жаңаруына байланысты, педагогикалық амал-тәсілдер жүйесі өзгерген. Осыған байланысты, олар алған білімдерін өмірге қолдану жағына басымдық бере отырып, алатын ақпараттары мен тәжірибелік білімдерін осы тұрғыдан нақтылайды.

Сонымен бірге қате пікірді талдау тәсілін алуға да болады. Ол сол сабақтың үстінде түзетіліп, дұрыс пікірді қабылдайтын болғандықтан, мұндай амалдарды қолданудан қорқу қажет емес.

4. Реконструкция.

Бұл тәсілдің негізі материалды меңгеру кезінде оны кез келген эквивалентті өзгеріске ауыстыру болып табылады (бұрмалаусыз). Тәсіл көп жағдайда басқаларымен байланыста қолданылады: нақтылау, классификация, жалпылау т.с.с. Бір мысалы: инфографика жасау, конспект, сызба-нұсқа жобасын әзірлеу т. б.

Біз мұғалімдерге этностардың құрылу заңдылықтарын зерттеп көруді ұсынамыз, олардың пиктографикалық жазбалары (мысалы, білезіктердегі қарама-қарсылықтардың теңдестік заңы), тұрмыс салты («киіз үй есебі», «киіз үй физикасы», «киіз үй химиясы» т.с.с.) және оларды өте қызықты сабақтарды ұйымдастыруға қолдануға болады. Егер ЖМБ сабақтарында «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» идеяларының құндылықтары толық ашылмайтынын ескерсек, мұндай тәсілдер жағдайды түзеуге оң ықпал етеді.

5. Ойлау тәсілдерінің жиынын қолдану.

Бұл тәсіл атынан белгілі болып тұрғандықтан, нақты мысал келтірейік.

«Электр тогы» тақырыбы:


жалпылау – құралдың құрылысымен және жұмыс принципімен танысу, жалпы блок-схемасын құру;

нақтылау – сұрақ-жауап;


салыстыру – әртүрлі моделдерді салыстыру.

ЖМБ пәндерінде миға шабуыл арқылы мақсатты ойлау қабілетін дамытуға және білімдерін тереңдетуге арналған басқа да мысалдар:


1. Жалпылау, «миға шабуыл» тәсілі:




2. Биология + Физика интеграцияланған сабағындағы «Миға шабуыл» тәсілі:




3. Химия + Физика+Технология интеграцияланған сабағындағы «Миға шабуыл» тәсілі:



3. «Ғылымға белгілінің шегі» тақырыбына талдау:



4. Ғасырлар тоғысы, тақырып «Жарық поляризациясы»:



Кеше

Бүгін

Ертең

Аталған тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың ЖМБ пәндерден сыни ойлау қабілетін дамытамыз, нәтижесінде олардың өз білімдерін тереңдету мүмкіндіктері арта түседі. Сонымен бірге бала бұл процесте өзі де қатысушы, белсенділігі артады, өзіне жауапкершілік алуға үйренеді.

Бүгінгі күн талабы дәйекті диалог құра білуді, өз ойы мен сенімін дәлелдеуді, шешімін негіздеуді, қоршаған ортаны саналы қорғауды, ондағы өзінің орнын анықтауды, ғылыми дүниетанымға сенімділікті, біздің ғаламдық өркениетіміздің жаратылыстану ғылымдарының дамуымен байланыстылығын түсінуді талап етеді, осы тұрғыдан ауыл және қала мектептерінің арасындағы айырмашылықты жоюдың бір негізі ретінде аталған құндылықтарды білім алушыларымыздың бойларына сіңіруіміз қажет.

Математика

Қазіргі заманғы мектептің дамуының негізгі міндеттерінің бірі болып табылатын білім берудің дифференциациясы мектепте, соның ішінде ШЖМ-де математиканы оқытудың мақсаттары, мазмұны мен әдістеріне жаңа талап қойды. ШЖМ жағдайында математиканы тереңдетіп оқу, ең алдымен, бағдарлы сипатқа болуы керек және оқушылардың математикаға деген қызығушылықтары мен қабілеттерін өз дәрежесінде түсінуіне көмектесуі керек, бұл олардың тоғызыншы сыныптан кейінгі жеке білім алу траекториясын саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді.


Оқушылардың математикалық білімдерін дамытуды, біз ең алдымен математикалық ұғымдарды саналы түсіну және қолдану, адамдармен қарым-қатынас жасау үшін математикалық тілді меңгеру, қоршаған әлемді тану және сипаттау, математикалық ұғымдардың шартты мазмұнын қолданбалы мысалдармен аша білу, есептерді шығарудың ұтымды әдістерін таңдау деп түсінеміз.

ШЖМ жағдайында математиканы тереңдетіп оқытудың өзектілігін, осы пәннен олардың білім сапасының нашарлығы дәлелдеп отыр. Халықаралық TIMSS зерттеулерінің нәтижелері есте сақтау мектебінен белсенді мектепке жылдам көшу қажеттілігін айқын көрсетеді. ШЖМ жағдайында математиканы тереңдетіп оқытудың жұмыс бағдарламаларында осы бағыт көрініс табуы керек.

Жұмыс жоспарын жасау үшін оқу бағдарламасында бар тақырыптардың негізінде математика пәнінің мазмұнын тереңдету ұсынылады. Оқушылардың

интеллектуалдық дағдыларының дамып, қалыптасуына қарай қиындық дәрежесін біртіндеп күрделендіру, білім деңгейі бойынша тапсырмаларды жіктеп отыру ұсынылады:

- базалық деңгей, жеңіл есептер және орташа қиындықтағы есептер;
- ортадан жоғары деңгей, орташа қиындықтағы есептер және күрделі есептер;
- жоғарғы деңгей, күрделі есептер және қиын тапсырмалар.



Маңыздылығының өзгеруіне және қажеттілігіне байланысты тапсырмалар мен есептерді жүйелі түрде жаңартып отыру ұсынылады. Егер бұрынғы тапсырмалар «есепте», «дәлелде», «шығар», «кұрастыр» сөздерімен берілсе: білім мазмұнын жаңарту жағдайында олар келесі етістіктермен ауыстырылған: «түсіндіріңіз», «шешудің ұтымды әдісін таңдаңыз», «зерттеңіз», «көп нұсқаның ішінен дұрыс шешімді таңдап алыңыз» т.б.

Мысалы:

Өрнекті ықшамдап, сәйкестік орнат.

1.	$\left(\frac{5+c}{c-5} - \frac{c}{c+5}\right) \cdot \frac{c-5}{3c+5}$	А	$3(c+5)$
2.	$\frac{3c^2-75}{c} \cdot \frac{2c}{3c+15} \div \frac{2c^2-50}{4}$	В	$\frac{5}{c+5}$
3.	$\left(3c - \frac{3c}{c-5}\right) \div \frac{c^2-6c}{c^2-25}$	С	$\frac{4}{c+5}$

3. Алгебралық өрнекті ықшамдап, шешуін екі түрлі жолмен есептеңіз және есепті шығарудың тиімді тәсілін таңдаңыз. Қорытынды жасаңыз.

$$\left(\frac{x^2-y^2}{15y} \div \frac{x}{15y} - \frac{y^2-x^2}{x}\right) \cdot \frac{x}{2y-2x} + x;$$

Шешім:

1 жол	$1. \frac{x^2 - y^2}{15y} \div \frac{x}{15y} = \frac{x^2 - y^2}{15y} \cdot \frac{15y}{x} = \frac{x^2 - y^2}{x};$ $2. \frac{x^2 - y^2}{x} - \frac{y^2 - x^2}{x} = \frac{x^2 - y^2 - y^2 + x^2}{x} = \frac{2x^2 - 2y^2}{x}$ $3. \frac{2x^2 - 2y^2}{x} \cdot \frac{x}{2y - 2x} = \frac{2(x - y)(x + y)}{x} \cdot \frac{x}{-2(x - y)} = -(y + x)$ $4. -(y + x) + x = -y.$
2 жол	$\left(\frac{x^2 - y^2}{15y} \div \frac{x}{15y} - \frac{y^2 - x^2}{x} \right) \cdot \frac{x}{2y - 2x} + x = \left(\frac{x^2 - y^2}{15y} \cdot \frac{15y}{x} - \frac{y^2 - x^2}{x} \right) \cdot \frac{x}{2y - 2x} + x$ $= \left(\frac{x^2 - y^2}{x} - \frac{y^2 - x^2}{x} \right) \cdot \frac{x}{2y - 2x} + x = \frac{2x^2 - 2y^2}{x} \cdot \frac{x}{2y - 2x} + x =$ $= \frac{-2(y - x)(y + x)}{x} \cdot \frac{x}{2(y - x)} + x = -y - x + x = -y$

Математика бойынша ұсынылатын есептер бірнеше түрге жіктеледі, атап айтқанда, стандартты талап бойынша:

- дәлелдеуге;
- салып тұрғызуға;
- есептеуге.

Проблемалық ситуацияларға берілген есептер:


- стандартты (барлық компоненттері белгілі);
- оқушылық (бір белгісізбен);
- зерттеушілік (екі белгісізбен);
- проблемалық (үш белгісізбен).

Есептерді шешу алгоритмі:

- есептің шартымен танысу;
- есептің шартын түсіну;
- есепті шығару жоспарын құру;
- қажетті ақпаратты іздеу;
- алынған мәліметтерді пайдалану (формулалар, заңдар, теоремалар және т.б.);
- есепті стандартты нұсқаға келтіру;


- есепті шығарудың ұтымды әдісін таңдау;
- стратегиясын таңдау және жүйесін табу;
- есептің шешуін тексеру.

Мұғалім математиканы тереңдетіп оқытудың сабақтастығын, құрылымын және жұмыс мазмұнын анықтау үшін келесі схеманы басшылыққа ала алады:






Мониторинг мәліметтері бойынша, орта мектептердің математика және алгебра оқулықтарының мазмұны жаңартылған білім мазмұнымен толықтырылуда. Көптеген қосымша теориялық сұрақтар, логикалық тапсырмалар мен есептер бар, көп жағдайда олар техникалық тұрғыдан күрделендірілген тапсырмалар немесе олимпиадалық есептер болып табылады. Сондай-ақ, мұғалімдер математика оқулықтарының мазмұнын жүйелеп, оқу бағдарламасына сәйкес келетін дамытушы есептер мен логикалық тапсырмалармен толықтыру қажеттігін айтқан, алгебра оқулықтарында оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға арналған логикалық тапсырмалар мен есептер аз деп санайды.

Мұғалімдер математика пәніне арналған әдістемелік нұсқаулықтың мазмұнын логикалық есептер мен оны шешу жолдарының үлгілерімен толықтыруға тілек білдірген. Бұл ЖМБ пәндер бойынша жаңартылған мазмұндағы оқулықтардың мазмұнын жетілдіру қажеттігін және әдістемелік қолдаудың керек екенін көрсетеді. Математика пәні мұғалімдерінің арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі қолданыстағы 6-сыныптың математика оқулығында логикалық тапсырмалардың үлесі шамамен 20%, және олар негізінен тендеуді құрастыру жолымен шешілетін есептер екенін көрсетті. Жаңартылған мазмұндағы оқулықтарда болса, олардың үлесі шамамен 5% қалған және математикалық ойлау қабілеттерін дамытатын, басқа да көптеген тәсілдерді білуді талап ететін логикалық есептер және жаттығулармен толықтырылған.

№	Логикалық есептерді шешу әдістері	Жаңартылған мазмұндағы математика оқулығындағы логикалық тапсырмалардың үлесі (сауалнама нәтижелерімен салыстыру)	Қолданыстағы бағдарламаның математика оқулығындағы логикалық тапсырмалардың үлесі (сауалнама нәтижелерімен салыстыру)	Логикалық есептердің түрлері
1	Талдау әдісі	12 %	3 %	<p><i>Мысал.</i> Вадим, Сергей және Михаил түрлі шет тілдерін оқиды: қытай, жапон және араб. Олардың әрқайсысынан қандай тілде оқитынын сұрағанда, біреуі былай жауап берді: «Вадим қытай тілін оқып жатыр, Сергей қытай тілін үйренбейді, ал Михаил араб тілін үйренбейді». Кейінірек бұл жауапта бір ғана мәлімдеме шындық болып шықты, екіншісі жалған. Балалардың әрқайсысы қандай тілде білім алады?</p> <p><i>Шешім.</i> Үш тұжырым бар. Егер бірінші мәлімдеме шын болса, онда екіншісі шын, өйткені балалар түрлі тілдерді оқып жатыр. Бұл мәселенің жәй-күйіне қайшы келеді, сондықтан бірінші мәлімдеме жалған болып табылады. Егер екінші нұсқа дұрыс болса, онда бірінші және үшінші жалған болуы керек. Демек, ешкім Қытай тілін үйренбейді. Бұл жағдайға қайшы келеді, сондықтан екінші мәлімдеме де жалған. Үшінші тұжырымды шындық деп айтсақ, бірінші және екіншісі жалған болып саналады. Демек, Вадим Қытай тілін оқымайды, қытай тілін оқитын Сергей. Жауап: Сергей қытай тілін оқып жатыр, Михайл- жапон, Вадим – араб тілі.</p>
2	«Жұп-тақ» әдісі	7 %	2 %	<p><i>Мысал.</i> Шегіртке түзу сызық бойымен секіріп, бастапқы нүктеге оралды (ұзындығы 1 м). Ол секіруді бірдей етіп жасағанын дәлелдеңіз.</p> <p><i>Шешім.</i> Шегіртке бастапқы нүктеге оралды. Оңға секірулер саны солға секірулер санына тең, сондықтан секірудің жалпы саны тең.</p>
3	«Эйлер шеңбері» әдісі	12 %	7 %	<p><i>Мысал.</i></p> <p>1. Қаланың кейбір тұрғындары тек орыс тілінде сөйлесе алады, кейбіреулері тек өзбек, ал кейбіреуі екі тілде сөйлесе алады. Өзбек тілінде 85%, орыс тілінде - 75%.</p> <p>Тұрғындардың қанша пайызы екі тілде сөйлейді?</p> <p><i>Шешім.</i> Схеманы құрайық</p>  <p>«Ө» әрпі бойынша шеңберде өзбек тілінде сөйлейтін тұрғындарды «О» әрпі бойынша орыс тілінде белгілейміз. Үйірмелердің жалпы</p>

				бөлігінде екі тілде сөйлейтін тұрғындарды көрсетеміз. Енді барлық тұрғындардан (100%) біз «Ө» шеңберін аламыз (85%), біз тек орысша (15%) сөйлейтін тұрғындарды таптық. Ал қазір орыс тілінде сөйлейтіндердің бәрінен (75%) біз бұл 15% -ды алып тастаймыз. Біз енді екі тілде сөйлейтіндер санын таптық (60%).																																																																						
4	Кесте әдісі	10 %	1 %	<p>Мысал. Үш клоун Бим, Бам және Бом аренаға қызыл, жасыл және көк көйлек киіп шықты. Олардың аяқ киімі бірдей түсті. Бимнің көйлегі мен аяқ киімдерінің түсі сәйкес келеді. Бомның аяқ киімі де, көйлегі де қызыл болмады. Бам жасыл аяқ киімде және басқа түсті көйлекте болды. Клоундар қалай киінген?</p> <p><i>Шешім.</i> Үстелдерде көйлектердің ықтимал түстерін және клоунның аяқ киімін (әріптер К, З және С қызыл, жасыл және көк түстермен белгіленген) атап өтеміз. Кестені есептің шартын пайдаланып толтырамыз. Бамның аяқ киімі жасыл, ал көйлегі жасыл емес. Белгіні + 2-ші қатардағы ұяшыққа және 5-бағанға, ал екінші жолдағы ұяшыққа және 2-бағанды енгізіңіз. Демек, Бим және Бомның аяқ киімдері енді жасыл болуы мүмкін емес, сондай-ақ Бамның аяқ киімі көк немесе қызыл бола алмайды. Олардың бәрін кестеге белгілейік (1 кестені қараңыз). Біз аяқ киімнің және клоундардың көйлектерінің түстерін ескеріп отырып, кестені толығымен толтырдық (2-кестені қараңыз): Бим қызыл көйлек және қызыл аяқ киім, Бам көк көйлек және жасыл аяқ киім, Бом жасыл көйлек және көк аяқ киім киген.</p> <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <thead> <tr> <th></th> <th colspan="3">Жейде</th> <th colspan="3">Туфли</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Бим</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>+</td> <td>-</td> <td>-</td> </tr> <tr> <td>Бам</td> <td></td> <td>-</td> <td></td> <td>-</td> <td>+</td> <td>-</td> </tr> <tr> <td>Бом</td> <td>-</td> <td></td> <td></td> <td>-</td> <td>-</td> <td>+</td> </tr> <tr> <td></td> <td>К</td> <td>З</td> <td>С</td> <td>К</td> <td>З</td> <td>С</td> </tr> </tbody> </table> <p style="text-align: center;">Таблица 1</p> <p>Клоунның көйлектерінің бірегейлігі бар кестені толығымен толтырдық (кестені қараңыз). 2): Бим қызыл көйлек және қызыл аяқ киім, Бам көк көйлек және жасыл аяқ киім, Бом жасыл көйлек және көк аяқ киім.</p> <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <thead> <tr> <th></th> <th colspan="3">Жейде</th> <th colspan="3">Туфли</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Бим</td> <td>+</td> <td>-</td> <td>-</td> <td>+</td> <td>-</td> <td>-</td> </tr> <tr> <td>Бам</td> <td>-</td> <td>-</td> <td>+</td> <td>-</td> <td>+</td> <td>-</td> </tr> <tr> <td>Бом</td> <td>-</td> <td>+</td> <td>-</td> <td>-</td> <td>-</td> <td>+</td> </tr> <tr> <td></td> <td>К</td> <td>З</td> <td>С</td> <td>К</td> <td>З</td> <td>С</td> </tr> </tbody> </table> <p style="text-align: center;">Таблица 2</p> <p><i>Жауап:</i> Бим қызыл көйлек және қызыл аяқ киім, Бам көк көйлек және жасыл аяқ киім, Бом жасыл көйлек және көк аяқ киім.</p>		Жейде			Туфли			Бим				+	-	-	Бам		-		-	+	-	Бом	-			-	-	+		К	З	С	К	З	С		Жейде			Туфли			Бим	+	-	-	+	-	-	Бам	-	-	+	-	+	-	Бом	-	+	-	-	-	+		К	З	С	К	З	С
	Жейде			Туфли																																																																						
Бим				+	-	-																																																																				
Бам		-		-	+	-																																																																				
Бом	-			-	-	+																																																																				
	К	З	С	К	З	С																																																																				
	Жейде			Туфли																																																																						
Бим	+	-	-	+	-	-																																																																				
Бам	-	-	+	-	+	-																																																																				
Бом	-	+	-	-	-	+																																																																				
	К	З	С	К	З	С																																																																				

5	Блок әдісі схема	3 %	2 %	<p>Мысал. Төрт монеталардың ішінде біреуі жалған. Ол массасы бойынша ерекшеленеді, бірақ ол жеңіл немесе ауыр екені белгісіз. Нақты монетаның салмағы - 5 г, массасы 5 г жүкше бар болса, жалған монеталарды қалай табуға болады? Мұндай жағдайда анықтау мүмкін бе, жалған монета ауыр ма немесе жеңіл ме? <i>Шешім.</i> m_1, m_2, m_3, m_4 болсын, тиісінше 4 монетаның массасы және жүкшенің массасы T болсын. Шешімді блок схема түрінде жазайық (суретті қараңыз). Көрсетілген схемада жалған монетаны анықтауға және оның жеңіл немесе ауыр екенін табуға мүмкіндік беретін бағдарлама белгіленеді. Блок схемадағы өлшеу тіктөртбұрыштарға сәйкес келеді - шартты ауысу операторлары схемада бірінші және екінші өлшеу көлденең сызықтарымен белгіленеді.</p>  <p>Блок-схемасының тек бір тармағын жылжыта отырып, түсініктеме беру жолын мысалға келтірейік. Сонымен, бірінші өлшеу: $m_1 + m_2 < m_3 + T$ болсын. Бұл дегеніміз, жалған монета алғашқы үш монетадан тұрады, сондықтан төртінші монета шынайы, яғни $m_4 = 5$.</p>
6	Математикалық бильярд әдісі	5 %	3 %	<p><i>Мысалы.</i> Екі ыдыс бар - үш литр және бес литр. Осы ыдыстарды пайдалана отырып 1,2,3,4,5,6,7 және 8 литр су алу керек. Бізде су құбыры және раковина бар, онда су құюға болады. <i>Шешім.</i> Қарастырылып отырған мәселеде параллелограммның жағында 3 және 5 бірлік ұзындығы болуы керек. Су мөлшерін көлденеңінен біз 5 литрлік ыдысқа, ал 3 литрлік банкке тігінен орналастырамыз. Бүкіл параллельограммда бірдей үшбұрыштардың торлары бірыңғай болады (1-суретті қараңыз)</p>  <p>Рисунок 1</p> <p>Бильярд доптары параллелограммдағы торды құрайтын сызықтар бойымен қозғалады. Параллелограммның қабырғасына соғылғаннан кейін, доп шағылып, соқтығысу орын алған нүктеден шығатын сызық бойымен қозғалуды жалғастырады. Бұл жағдайда</p>

				<p>соқтығысқан параллелограммның әрбір нүктесі толығымен ыдыстарда судың қаншалықты екенін сипаттайды. Доп төменгі сол жақ бұрышта болсын және соқкыдан кейінгі сәтте параллелограммның сол жағымен қозғала бастағаннан кейін, ол А нүктесінде жоғарғы жағына жеткенше қозғалады. Бұл, біз кішкене ыдысты суға толтырғанымызды білдіреді. Көрсетілген түрде, доп оң жаққа қарай бұрылып, төменгі жиекті В нүктесіне дейін түсіріледі, оның координаттары 3 көлденең және 0 тік болады. Бұл, үлкен ыдыста 3 литр су бар, ал кішкене ыдыста су жоқ, яғни кішкене ыдыстан суды үлкен ыдысқа құйдық. Шардың қосымша жолын қадағалау және оның қозғалысының барлық кезеңдерін бөлек кесте түрінде жазу (1-кесте), соңында біз кішкентай ыдыс бос болған кездегі жағдайға сәйкес келетін Н нүктесіне дейін жетеміз және үлкен ыдыста 4 литр су. Осылайша, жауап алынған және 4 литр суды өлшеуге мүмкіндік беретін трансфузиялар тізбегі көрсетілген. Барлық 8 құйғыш схемалық кесте түрінде көрсетілген. Бұл қысқа шешімі болып табыла ма?</p> <p>Жоқ, екінші жолы бар, су алғаш рет бес литрлік ыдысқа құйылғанда. Егер диаграммада О нүктесінен келген шарды параллелограммның төменгі жағында оң жаққа бұрса, содан кейін оң жағынан, параллелограммның жоғарғы жағында 2-ші нүктеге дейін және т.б. болса, біз мәселенің қысқа шешімін аламыз. 6 рет құю арқылы алынған судың мөлшері ең қысқа шешім екендігін көрсетеді.</p> <table border="1" data-bbox="890 1234 1374 1391"> <thead> <tr> <th></th> <th>О</th> <th>А</th> <th>В</th> <th></th> <th></th> <th></th> <th></th> <th></th> <th>Н</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <th>М</th> <td>0</td> <td>3</td> <td>0</td> <td>3</td> <td>1</td> <td>1</td> <td>0</td> <td>3</td> <td>0</td> </tr> <tr> <th>Б</th> <td>0</td> <td>0</td> <td>3</td> <td>3</td> <td>5</td> <td>0</td> <td>1</td> <td>1</td> <td>4</td> </tr> </tbody> </table> <p style="text-align: center;">Табл. 1</p>		О	А	В						Н	М	0	3	0	3	1	1	0	3	0	Б	0	0	3	3	5	0	1	1	4
	О	А	В						Н																									
М	0	3	0	3	1	1	0	3	0																									
Б	0	0	3	3	5	0	1	1	4																									
7	Граф әдісі	10 % (БМ)	1 %	<p>Төрт адам қол алысты. Әр адам бір-бірімен қол алысса, сонда неше рет қол алысу болды?</p> 																														
8	Теңдеу құру әдісі	5 %	20 %	<p>Мысал. Ақдана бір санды ойластырды. Егер ойлаған саннан ең үлкен біртаңбалы санды алса және нәтижеге ең кіші екі таңбалы сан қосылса, онда 100 саны шығады, Ақдананың ойлаған саны қандай? Шешуі: ойлаған сан - x</p> <p>Теңдеу: $(x-9) + 11 = 100$ $x - 9 = 99$ $x = 108$</p> <p style="text-align: right;">Жауап: 108</p>																														

Оқушылардың дамуындағы маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын математикалық ойлаудың негізгі компоненттері: мағыналы талдау, жоспарлау және рефлексия болып табылады.

Осы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған дамытушы есептердің жиынтығы, сондай-ақ оларды шешуде оқушылардың белгілі бір жүйелі ұйымдастырылған іс-әрекеті математикалық ойлаудың барлық компоненттерінің дамуына ықпал ете алады. Жоғарыда айтылғандай, жетілген математикалық ойлау қабілеті білім алушылардың математикалық есептерді шешуде сенімділігін нығайтады.

Жана оқу бағдарламаларында математиканы оқып-үйренудің міндеттері оны тереңдетуге бағытталған, атап айтқанда:

1) «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасауға;

2) әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттауға;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыруға;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамытуға;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамытуға;

8) математиканы оқыту барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

География курсының білім беру бағдарламасының сәтті жүзеге асырылуы және ШЖМ жағдайында оны тереңдету мұғалімнің әр сабаққа мұқият дайындалуын талап етеді. Сонымен бірге, белсенді оқыту, кіріктіріп оқыту тәсілі, жобалық жұмыс және т.б заманауи педагогикалық тәсілдер қолданылады. Білім алушылардың білімдерін тереңдетуге бағытталған қосымша жұмысты тәжірибеге негізделген оқу іс-әрекетіне, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағыттау ұсынылады.

Мұғалімдер негізгі білім деңгейінің төменгі сыныптарында факультативтік және элективті курстардың жоспарын жасау барысында оқушылардың бастауыш сынып деңгейінде жаратылыстану пәні шеңберінде негізгі географиялық ұғымдарды (тау жыныстары, жер беті, тоғандар, минералдар, пайдалы қазбалар, физикалық карта, суды тиімді пайдалану, елдер, қалалар) өткендігін ескерулері қажет. Сондықтан факультативтік және элективті курстардың мазмұны практикада кездесетін бастапқы негізгі түсініктер мен анықтамаларын қамтымауы керек. Әсіресе мектептегі білім мазмұнының жаңаруына байланысты, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері шиыршықты тәсіл негізінде іске асырылады, оқушы әрдайым өзінің білімін кеңейтіп және тереңдетіп отыруға мүмкіндік алады.

Қысқы мерзімді жоспар жасалған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алады:

- сабақты ұйымдастырған кезде оқу бағдарламасында және жоспарында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа алу қажет;
- сабақтың мақсаттарын тұжырымдау барысында нақты, қол жеткізуге болатын, өлшенетін (SMART принципі бойынша) мақсаттарға жіктеу ұсынылады;
- сабақта орта мерзімді жоспарға енгізілген барлық іс- шаралар қамтылуы тиіс;
- қажет болған жағдайда мұғалімнің қалауы бойынша оқу іс-әрекеттерін толықтыруға болады.

ҰМЖ және ОМЖ үлгілерін тірек жоспары ретінде қолдану ұсынылады, педагог жоспарларды әрқашан толықтырып, қажеттілігіне қарай, біріктірілген сынып үшін бейімдей алады.

ҚМЖ әзірлеу және біртақырыптық сабақтарды өткізу мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін шыңдауын талап етеді.

Бұл жерде байқалмайтын орасан резервтің барын ескеру керек, бір жағынан, берілген тапсырмалардың қиындық деңгейінде, білім алушылардың жалпы дайындығын ескере отырып, оқу материалын жоспарлау мүмкіндігі, екінші жағынан, сабақтың құрылымын және оны ұйымдастыру түрін жетілдіру жолдары. Білім алушылардың оқу іс-әрекетін жүзеге асыру логикасы, алдымен басты оқу мақсатымен анықталуы тиіс, сабақтың кезеңділігін сақтаудың формальды талаптарын орындау емес, оның «өзегімен» байланысуы қажет.

Біртақырыптық сабақтардың артықшылығы келесіде:

1. білім алушылардың оқуға ынтасын арттыруға жағдай жасалады;

2. іскерлік қызметін жоспарлауға, бақылауға, оның процесінде өзара тексеру жолымен барысын қадағалауға немесе өзін-өзі бақылау, тану дайындығын анықтайды, оқушының өз бетінше жұмыс істеуі сәтті қалыптасады;

3. тілдік қарым-қатынас аясы кеңейеді;

4. ұжымдастық сана қалыптасады.

ШЖМ мұғалім рөлі – білім алушылардың өзіндік белсенді, танымдық қызметін ұйымдастырушы, кеңесші және көмекші. Бұл мақсатқа тұлғаға бағытталған технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Ол білім алушының саралап оқыту деңгейін, оның интеллектуалдық дамуы мен пән бойынша дайындығын, оның қабілеттері мен дарынын ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл технологиялар дәстүрлі оқыту жүйесінде қолдануға келеді.

Оқу материалын біріктіру, тақырыптық жоспар жасау – бұл біріктірілген сыныпта оқытуға дайындықтың тек бірінші кезеңі ғана. Жұмыстың барынша тиімді түрін және әдістерін таңдау қажет. ШЖМ жұмыс принципі келесі іс-әрекет түрлерін қамтиды:

1. Мұғаліммен жұмысты және оқушының өзіндік жұмысын кезектестіру.

2. Біріктірілген сыныптағы білім алушылардың топтық, жұптық жұмыстарын ұйымдастыру, бұл ретте бір сыныптың, сонымен қатар бірнеше сыныптың оқушылары бірге қамтылуы мүмкін.

3. Бірін бірі оқыту және бақылау әдістерін қолдану.

4. Біртекті оқу материалдарының негізінде бір сабақ немесе бірнеше сабақ жүйесін құру.

5. Бір сыныптағы немесе бірнеше сыныптардағы, мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасқа байланысты қалыптасқан стереотипті өзгерту.

6. Білімді интеграциялаудың пәнішілік мүмкіндіктерін қарастыру.

ҚМЖ-да білім алушылардың бірдей біліктіліктерін әртүрлі деңгейдегі оқу материалымен бекіту жолдары қарастырылуы керек. Біріктірілген сыныптағы сабақ жоспарын әзірлеу үшін біртақырыптық сабақтардың дайын құрылымдары ұсынылады. Мұғалім өз сыныбына қатысты сабақтың кезеңділігін түрлендіре алады.

Жаңа материалды меңгерту сабағының құрылымы.

1. Интеграцияланған бөлім

Ұйымдастыру-мотивациялық кезең

1.1. Эмоционалды көңіл-күй

1.2. Сабаққа ынталандыру

2. Саралау бөлімі

2.1. Тірек білімдерін белсендіру

2.2. Үй тапсырмасын тексеру

3. Жаңа тақырыпты оқып үйрену

Интеграцияланған бөлім

3.1. Бірін бірі оқытатын топтағы жұптық жұмысты ұйымдастыру

3.2. Ынтымақтастықта оқыту стратегиясын қолдану

4. Интеграцияланған бөлім

4.1. Білім, білік, дағдыларын бекіту

4.2. Тірек схемасымен жұмыс

5.Саралау бөлімі

5.1. Операциялық-орындаушылық кезең

Алғашқы есте сақтау нәтижелерін бақылау

5.2. Сараланған тапсырмаларды орындау

6. Интеграцияланған бөлім

6.1. Рефлексиялық-бағалау кезеңі

6.2. Сабақтың қорытындысы-өзін-өзі бағалау

6.3. Рефлексия.

Аралас сабақтың құрылымы.

1. Интеграцияланған бөлім.

1.1. Ұйымдастыру-мотивациялық кезең.

Сабаққа психологиялық дайындығы.

Сабақтың тақырыбын хабарлай отырып, бір мезгілде мақсаттарына түсінік беру.

1.2. Мотивация.

2. Саралау бөлімі

2.1. Үлгінің көмегімен үй жұмысын өз бетінше тексеру

2.2. Тірек білімін, ақыл-ой және практикалық білігін белсендіру

3. Интеграцияланған бөлім

3.1. Білім алушылардың бірлескен іс-әрекеті: сәйкестік тесті.

4.Интеграцияланған бөлім

Жаңа тақырыпты оқып үйрену

4.1. Екі сыныптың білім алушыларының аралас топтағы жұмысы. Барлық білім алушылар топтарға немесе жұпқа (бала аз болғанда) бөлінеді.

Топқа тапсырма №1.

Топқа тапсырма №2 т. с. с.

5.Саралау бөлімі

5.1 Ереже жаттау бойынша жұптық жұмыс

6.Сергіту сәті

7. Операциялық-орындаушылық кезең

Білім алушылар өзін-өзі бағалау парағымен жұмыс жасайды, мұғалім журнал толтырады.

8.Интеграцияланған бөлім

Рефлексиялық-бағалау кезеңі.

Мысал:

«Сабақтағы өз жұмысыңызды бағалаңыз. Сіздің алдыңызда тау бейнеленген карточка жатыр. Егер сіз сабақты жақсы меңгердім, тапсырмаларды ұғындым деп санасаңыз, озіңізді тау шыңына бейнелеңіз. Егер әлі де түсініксіз жері болса, төмендеу бейнелеңіз. Суреттеріңізді маған беріңіздер».

Білік және дағдыларын қалыптастыру сабағының құрылымы.

Интеграцияланған бөлім

1. Ұйымдастыру-мотивациялық кезең.
2. Сабақтың мақсатын қою

Саралау бөлімі

Операциялық-орындаушылық кезең

1. Қалыптасқан білік-дағдыларын қайталау
2. Тексеру жаттығуларын жүргізу

3. Білім алушыларда қиындық туғызған біліктерін қалыптастыру үлгісін көрсету.

3.Интеграцияланған бөлім

1. Стратегияларды қолдану арқылы ынтымақтастықта оқыту.
2. Тексеру жұмысы
4. Интеграцияланған бөлім

Рефлексиялық-бағалау бөлімі.

Сабақтың қорытындысы: «Не үйрендің?»

Ұй тапсырмасы.

Әртүрлі жастағы балалар тобымен жұмыс мұғалімді сабақты жоспарлау және жүргізудің жаңа деңгейіне көтереді. Мұғалімге сабақтың мазмұндық жоспарын жасап қана қоймай, оның жүргізілу кезеңін қайта құру қажет. Себебі, мұндай сабақта бірлескен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үшін сабақтың жаңаша тәсілдерін таңдау керек. Мысалы, ұй тапсырмасын тексеру, жаңа материалды оқытуда – ересек білім алушылар немесе кеңесші-білім алушылар көмектеседі; аралас жұптық жұмыс (ересек білім алушы – кіші жастағы білім алушы), үлкені тексереді, көрсетеді, сонымен бірге, өзі де үйренеді.

Әртүрлі жастағы балалар тобындағы сабақ білім алушыларға түрлі әлеуметтік рөлдерге енуге мүмкіндік береді: жасы кішіге жауапты ересек адамның, мұғалімнің, топтағы жұмысты ұйымдастырушының. Мұндай сабақтарда білім алушылардың коммуникативтік дағдылары дамиды. Балалар өзін-өзі бақылауға, өздігінен білім «табуға», оны кеңейтуге, қорытынды жасауға және негізгі түйінін таба білуге үйренеді. Әртүрлі жастағы балалар тобындағы ересек және кішілердің жас ерекшеліктері – бұл «үлкен өмір жаттығуының» бір көрінісі.

Кішіге үйрету арқылы, білім алушы тек ақпарат беріп қана қоймайды. Коммуникация процесінде өз білімін өзектендіреді, оны жаңаша ұғынады. Бұл тұрғыдан алғанда бірін-бірі оқыту өзін және өзгені де оқыту ретінде қарастырылады.

Біріктіру алгоритмі кезеңді, оқу мазмұнын салыстырудан және күнтізбелік жоспарды ескере отырып, бағдарламаны тақырыптық сәйкестендіруден тұрады. Тақырыптар сәйкестігі болмаған кезде, қазіргі кездегі интерактивті технологиялармен саралап оқыту әдісін қолдану ұсынылады. Назар аударғымыз келген жағдай, біздің дайындаған құралымыз ұсынымдық сипатта, белгілі бір тақырыпты біріктірудің қажеттілігі туралы шешімді

мұғалімнің өзі қабылдайды, беріліп отырған үлгілерді тірек жоспары ретінде қолданады, біріктірілетін сыныптардың және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, балалардың жас айырмашылығын, педагогтың алдына қойған міндеттерін, ресурстардың болуын, т.б. басшылыққа ала отырып, өзінің толықтыруларын енгізу мұғалімнің еркінде қалады.

7-9 сыныптар үшін география пәнін оқып үйренуде саралап оқыту, жеке оқыту тәсілдерін тиімді қолдану, келесі тұлғалық нәтижелерді қалыптастырады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңды және тәртіпті құрметтеуге;
- 2) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін, өз Отанына қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға дайындығын;
- 3) туған жерінің, өз елінің табиғатын сақтауға және көбейтуге, қоршаған ортаны қорғаудағы белсенді ұстанымының қалыптасуын;
- 4) адами қарым-қатынастың жоғары мәдениетінің көрінісі, этикалық нормаларды сақтауын;
- 5) өз білімін жетілдіруін, сонымен бірге өзінің өмірдегі мақсатын іске асырып, жасампаздық еңбек ете алу қабілеттілігін;
- 6) әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін саналы бағалай білуін, қоғамға қарсы, заңсыз және діни сипаттағы әсерлерге қарсы тұра алуын қалыптастырады.

Биология

Қазіргі ШЖМ біріктірілген сыныптарымен, ондағы бала санының аздығымен ерекшеленеді. Осы факторлар оқу үрдісін ұйымдастырудың күрделілігіне әкеледі.

Бұл жағдайда әр оқушының ынтасы мен қабілеттерін анықтауға және барынша дамытуға мүмкіндік беретін әдістердің бірі, саралап оқыту (дифференциациялау).

Қазіргі уақытта білім беруде саралаудың бірнеше бағыттары пайда болды:

- оқытудың мақсаттары бойынша саралау;
- тапсырмаларды орындау деңгейінде саралау;
- ресурстар мен мәтіндерді саралау;
- оқытудың мазмұны бойынша саралау;
- оқытудың қарқыны бойынша саралау;
- оқыту материалының құрылымы бойынша саралау;
- оқытудың тәсілдеріне байланысты саралау;
- оқыту ортасына байланысты саралау;
- тапсырманы қолдану тәсілі бойынша саралау;
- бағалау бойынша саралау.

Оқытудың мақсаттары бойынша саралау, мақсаттың күтілетін нәтиже ретінде анықталуын болжайды.

Мысалы:

Пәні Биология	Сынып «7»	Сабақ тақырыбы: Фотосинтезге қажетті шарттар
Оқытудың мақсаты: 7.1.2.2. – фотосинтез процесіне қажетті шарттарды зерттеу		
